

15 ҚАРАША – ҰЛТТЫҚ ТЕҢГЕ КҮНІ

MONEY, MONEY, MONEY...



4

Айжан ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ

Дәл осы тақырыпта жазылғандай ағылшын тілінде шведтік поп ABBA тобы орындайтын ән көпшілікке жақсы таныс. 1972-82 жылдары хит болған бұл әнді бүгінде Ретро радиосынан ғана тыңдауға болады әрине. Мұндай да, зарлы, жүрек қылын шертетін бұл әнде әдебірі аңсар сөзіледі. Құсаң жеткізбейтін қызыл-жасыл дүниенің, жарқыраған жақұт пен алтынның алабетен бояу алыстан мұнартақан кемпірқосақтың түсіндей көз арбап, көңіліңді астан-кестен еткендей ме қалай өзі?! Бәлкім байлықтың буына мастандырар...

ХИТ СӨЗДЕРГЕ ХИТПАРАД немесе КІРМЕ СӨЗБЕН КӨСЕТЕ КӨГЕРЕ МЕ?

Ерасыл ШӨРІБЕК



Хайп, лайк, пранк, вайн бұл сөздер қосқанда арасында бөлек алады. Кірме сөзбен жеткізсек, "хитке" айналды. Аталған сөздерді

екі-нің бірі-нен естіті-німіз рас. Өзге тілден енген сөздер лезде күн-делікті тір-шіліктегі өңі-менің арасына енді. Бұл сөз-дер қордың кеңейгені емес, шұрайлы тіліміздің шұбарлануына соқтырып отыр. Қыс-қасы, көсемгеізіді көгертен тіліміздің мәйегі кетіп бароды.

Алайда қазақ тіліне кірме сөздердің енуі жаңалық емес, себебі қазақ халқының басынан кешкен ұзақ даму тарихында бірсыпыра елдермен араласып, әр кезеңде түрлі қарым-қатынастар жасағаны мәлім. Ертеде тәжік, өзбек, татар халқы арқылы VIII-XI ғасырларда араб-парсы елдерімен, XII-XIII ғасырларда монғол елдерімен, XVIII ғасырдан, яғни Қазақстанның Ресей қарамағына ене бастаған кезеңінен (1731) бастап бүгінге дейін орыс халқымен тікелей үздіксіз қарым-қатынас жасап келеді. Осындай ұзақ байланыстардан кейін қазақ тілінің сөздік қорында қыруар шетел сөздері пайда болған. Бүгінде батысқа көз тастайтын халқымыз ағылшынның небір сөзін қолданысқа енгізді. Жалпы жастар арасында өте жиі кездесетін сөздерге шолу жасап көрейк.

Бан, банға жіберу. Бан (ағыл. ban, /bæn/ – тыйым салу, заңсыз деп тану) – Интернет пайдаланушылардың әрекетін бақылау тәсілдерінің бірі. Мысалы, қолданушы тарапынан сайт ережесіне қайшы келер әрекет жасалса, сайт админі оны сайттан уақытша шеттетеді (белгілі бір уақытқа).

Вайн (ағыл. «vine») – әдетте, бұл жиырма секундтан аспайтын өте қысқа ролик. Көбіне өмірдің белгілі сәттерінен көрініс береді. Вайн түсіріледі де, вайнерлер деп атайды. Дедлайн (ағыл. dead-line). 1. Міндет орындалуы тиіс болатын соңғы мерзім, шектік мерзім, күні мен уақыты.

Лайфхак, неол. «life» және «hack» – өмірді бұзу) – уақыт үнемдеуге көмектесетін пайдалы, қолайлы кеңес немесе құлық. Лайфхак өте ықшам мәтінде немесе графика, түсіндірме сурет арқылы болуы мүмкін. Пранк (ағыл. prank) – телефон бұзақылығы, телефондық әзіл әрекет. Репост (repost) – бұл әлеуметтік желіде өз парақшасына жазба көшіру актісі, сондай-ақ көшірілген жазба немесе жаңалықтың өзі.

Фейк (сөз) – жалған (ағыл. fake, сондай-ақ фейк).

Хайп (ағыл. hype). Жастардың көптеген спенг сөздері арасынан

жақын арада пайда болған «хайп» термині ағылшын тілінен (hype) енген және «алдау, «қозу, ояну», «мазасыз жарнама» ретінде тудырылады. Көптеген бейнеблогерлер өз ауызына жарғанында «хайп» сөзін жиі қолданады. Ел алдында аран атаққа құмарлықты да «хайп» десек қате емес. Жастардың ағылшын тіліндегі (hype) сөзін «атың шықпаса жар орте» мағынасымен түсіндіруге болады.

Тақырыпты тарақтандағалымыздың пікірі де тыңдадық. XX ғасыр басында ардақты Ахан (Байтұрсынұлы) «Жат сөздерді басқалап, мәселенің орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай аулаға біздің де қақымыз бар» десе, алаш ардақтысы Халел Досмұхамедұлы «Тілге кірген жат сөздер де сіну үшін, тілге «өзілік» болуы үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай халге жетуі керек. Бұйтпесе жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырын буады, тілге зиян береді» деп, оларды тілімізге ікмедеп қолданды. Олардың көзі кеткеннен кейін біз жат сөздерді қабылдаудың жаңа тәртібін белгілеп, кірме сөздерді өзгеріссіз аулаға көшіт. Сол жолмен әлі келеміз. Әлі күнге дейін қазақ қоғамында «Өзге тіл сөздерін өзгертпей алғаннан тілге келер зиян жоқ, олар сөздік қорымызды байытсады» деген пікір үстем. Бұрын орыс тілінің сөздерін қаз-қалпында қабылдап келсек, енді ағылшын сөздерін өзгертпей аулаға құмарлар артып келеді. Бұл біздің қанымызға сіңген әдет бола бастады. Қит етсе, «Өзгелер де шет тіл сөздері есебінен сөздік қорын байытып отыр ғой» деген уақиді көлденеу тартамыз. Ал шын негізінде өз тізіміне ие бола алмай жалған кейбір халықтар болмаса, кез келген ұлт тілі өзге тілден сөз алғанда оны өз тілінің табиғатына ікмедеп алады, – дейді ф.ғ.к. Аман Абасилов.

Қазақтың тілі шұрайлы, бай тіл деп қан айтпаймыз. Бірақ салғырттығымыз бен құтысыздығымыздың салдарынан батыстың сөздері бөлен алды. Ең өкініштісі өзге тілдің сөзіне өзегіміздің талғаны қыжылтады.

КАРАНТИН ЖЕҢІЛДЕДІ, АЛАЙДА...

Көктем айында басталып, жаз мезгіліне дейін жалғасқан қатаң карантин талаптарын тұрғындар ұмыта қойған жоқ. Соңғы уақытта карантин шаралары жеңілдеді десек те, құпия бір сәт сейілген емес. Арқаны кенге салатын уақыттың әзір емесін ескерген біз аймақтағы ахуалды білу үшін облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне хабарластық.

Гүлдана ЖҰМАДИН

Есепке сүйенсек, бүгінге дейін аймақ бойынша коронавирус инфекциясының 3262 жағдайы тіркелген. Оның ішінде клиникалық белгілермен 1801, клиникалық белгілерсіз 1461 жағдай анықталған. Мамандар коронавирус инфекциясын жұқтыру дерегі соңғы рет 29 қазанда тіркелгенін айтады. Жүргізілген талдаулар нәтижесіне көз жүгіртсек, барлық тіркелген жағдайдың 69-ы сырттан тасымалданған, яғни 1292 адам Covid-19 инфекциясын қарым-қатынас арқылы жұқтырған. Ал 1901 тұрғынның вирус жұқтыру жағдайы скрининг арқылы анықталған. Өкінішке қарай, коронавирус инфекциясы облысқа қарасты барлық ауданда тіркелуде. Соның ішінде басым көпшілігі, яғни 1962 жағдай қала тұрғындарының үлесіне тиеді.

– Әлемдік және республикадағы коронавирустың күрделі эпидемиологиялық ахуалын ескере отырып, аймақта Қызылорда облысының бас санитариялық дәрігерінің 31.10.2020 жылғы №25 Қаулысымен біртұтас шектеулер әлі өз күшінде. Атап айтқанда:

- Ойын-сауық, спорттық іс-шараларды, көрмелерді, форумдарды, конференцияларды, сондай-ақ отбасылық, салтанатты, естелік іс-



шараларды (банкеттер, мерейтойлар, еске алу), оның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге;

- Ойын-сауық мекемелерінің (караоке, билард, компьютерлік клубтар, түнгі клубтар, боулинг орталықтары, жабық үй-жайлардағы балалар ойын алаңдары мен аттракциондар, батуттар және басқалар), букмекерлік кеңселердің қызметіне;

- Кезекші топтарды қоспағанда, мектепке дейінгі балалар мекемесінің қызметіне;

- Фулорктардың, банкет залдарының қызметіне;

- Қалалық, қоғамдық жағажайлардың, ашық акапартердің қызметіне;

- Балаларды сауықтыру лагерлерінің қызметіне;

- Спортшылардың Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде оқу-жаттығу жиындары мен жарыстарға шығуына тыйым әлі де жалғасады, – дейді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Ә.Өбдіқайымова.

Бүгінгі таңда облыс бойынша COVID-19 инфекциясын ПТР әдісімен анықтау «Ұлттық сараптама орталығының» облыстық филиалында, облыстық фтизиатриялық монология орталығының бактериологиялық зертханасы мен мемлекеттік тапсырыс бойынша «Olymp» пен «Invivo» жеке

клиникаларында жүргізілуде. Бұдан бөлек, эпидемиологиялық ахуал күрделенген жағдайда облыстық ЖИТС және «М.Айымбаев атындағы аса қауіпті инфекциялар Ұлттық ғылыми орталығы» Қызылорда облағы қарсы күрес станциясының ПТР зертханалары дайын тұр.

Айта кетейік, облыстағы зертханалардың бір күндік жалпы қуаттылығы 1820 анализді зерттеуге қауқарлы. Ағымдағы кезеңде COVID-19 инфекциясын анықтауға күніне 500-800-ге дейін ақпашы және мемлекеттік тапсырыс бойынша сынамалар алынуда. Жыл басынан бері облыс бойынша COVID-19 анықтауға барлығы 131736 сынама тапсырылған.

ОБЛЫС ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Ел шекарасының тыныштығын күзетіп, Отанды қорғау – көз келген азамат үшін қасиетті борыш. ҚР Ұлттық Қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментіне ерлік пен жауынгерлік рухты ту еткен абыройлы міндетке лайықты азаматтарды келісімшарт бойынша әскери қызметке шақырады. Келісімшарт бойынша әскери қызмет – кәсіби өсудің кепілі. Сонымен қатар әскери қызметкердің өзінің және отбасының әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ететін абыройлы жұмыс. Отанды қорғау рухымен өмір сүретін әскери қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын жоғары деңгейде ұстау – мемлекеттің міндеті. Яғни әскери қызмет 100-200 мың теңге көлеміндегі жалақы мен тұрғын үйді жалға алу кепілімен, медициналық тегін қызметпен, еңбек демалысына шыққан екі ай уақытта ақшалай қаражатпен қамтамасыз етіледі. Келісімшарт бойынша әскери қызметке мерзімдік әскери қызметін өтеп келген, кәсіби білілетке ие, денсаулығы әскери қызметке жарамды азаматтар қабылданады. Барлық сұрақтар бойынша 29-60-33, 29-60-35, 29-60-34 байланыс телефондарына хабарласуға болады.

ҚР Ұлттық Қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Қызылорда облысы бойынша департаменті



Baspasözge jazyly - 2021

6 айға –
2000 теңге
Газет индексі –
65425

40-11-10
телефонына хабарласып,
үйден жазылуға болады.



– Тоғызқұмалақ – төрт мың жылдық тарихы бар бірегей ойын. Ол шығармашылық пен логиканы дамытады, сол себепті де оқушылардың арасында танымал. Бұл спорт түріне қызығушылық таныту – өз халқымыз тарихын мен мәдениетіне жақындай түсу.

Еліміздің түпкір-түпкірнен қатысуға ниет білдірген 100-ге жуық зияткер жас ерекшелігіне сәйкес үш топта 7 кезек бойынша бақ сынасты. Қызылордадағы NIS намысын қорғаған 9 сынып оқушысы Жұлдызай Мұңайтбасова команда қоржынын спартакиададағы алғашқы алтын медалмен толықтырды.

– Түрнір өте тартысты және әділ өтті. Жаттықтырушылар мен оқушылар арасында академиялық шынайылық сақталып, төрешілер нәтижегін дұрыс

болуын қадағалап отырды, – дейді Жұлдызай Мұңайтбасова.

Жоғары сыныптар арасында сайысқа түскен Жұлдыз Садықбек те өзге өмір спортшыларына төтел беріл, жеңіс тұғырынан көріңді. Ежелгі спорт түрімен алғаш рет төртінші сыныпта танысқан ол бүгінде тоғызқұмалақ жарысына барлық бос уақытын арнайды.

– Бұл ойын ақыл-ойды дамытып, логикалық және математикалық дағдыларымызды қалыптастыруда үлкен септігін тигізді. Қашықтан ойнау құмалақтарды тарату кезіндегі уақытты үнемдеуге өте қолайлы екен, – деп алған әсерімен бөлісті Жұлдыз.

Мықты дайындығымен, шеберлігімен ерекшеленген Досымжан Райымбек спартакиада нәтижегі бойынша күміс

ЧЕМПИОНДАР АНЫҚТАЛДЫ

Назарбаев Зияткерлік мектептері арасында үшінші рет өткізілген тоғызқұмалақтан желпілік спартакиадада Қызылордадағы NIS құрамасы екі алтын, бір күміс медальін иеленіп, командалық есепте жеңіс кубогымен марапатталды. Быыл қазақтың ұлттық ойынының жанкүйерлері қарсыласымен алғаш рет онлайн форматта

PlayOk платформасында кездесті. Спартакиададың ашылу салтанатында қатысушыларды «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ басқарма төрайымы Күләш Шәмшидинова құттықтады.

медальмен марапатталды. Оның айтуынша, ұлттық ойынды насихаттау арқылы жастардың білімдік-танымдық қабілетін дамытуға болады.

– Тоғызқұмалақ – қазақ халқының атадан балаға мирас болып келген өнері. Ең қиын ойын десек те болады. Өйткені ойыншылардан тапқырлықты, шыдамдылықты және терең ойлауды қажет етеді, – дейді Досымжан.

Жарыс қорытындысы бойынша үш жас ерекшелігі бойынша командалық есепте 2020 жылдың чемпиондары болып Талдықорған және Қызылорда қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің құрамалары танылды. Бір қызығы, Қызылорда командасы екі бірдей топта сенімді жеңіске қол жеткізді.



2000-ҒА ЖҰЫҚ ШАРА ӨТЕДІ

Өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте «Рухани жаңғыру» орталығының директоры Ұлхан Серікұлы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында атқарылып жатқан жұмыстар жайында баяндаса, облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Нұршат Бекжанқызы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай өткізілетін шаралармен таныстырды.

Атаулы мерейтой аясында облысымызда Ерсайын Төлеубайдың «Абай» спектаклі, республикалық ағындар айтысы, жазба әйімдер мұшайрасы, поэзия кештері, кең көлемде кітап көрмелері, Абай оқулары мен Абай әңгірлері орындаушылардың конкурс-концерттері қосқанда 900-ге жуық мерейтойлық іс-шара ұйымдастырылды. Өткізілген шаралардың ішінде шоқтығы биік өнер туындысы – Сыр өлмесі тұңғыш рет қойылған «Абай» операсы болды. Қойылымға 100-ге жуық өнерпаз қатысып, өнімдінің мәдениеті мен өнерінің мәртебесін асқақтатты. Сондай-ақ қазан айында облыстық филармонияның ұйымдастыруымен «Абай жұлдызы» атты музыка және поэзия кеші онлайн форматта өткізілді. Шара барысында Абай мұралары өнердің барлық жанрлары арқылы насихатталды. Сонымен қатар А.Томаганбетов атындағы мәдениет үйінің «Жастар» театрының режиссері Оңталап Нұрмахановтың сахналауымен «Қалың елім, қазғым, қайран жұртым...» атты қойылымның премьерасы өткен еді.

– Ұлы ағынға арналған мәдени шаралар әлі де өз жалғасын табады, өйткені «Абай әлемі» атты облыстық онлайн өнер фестивалі мен халық театрларының облыстық байқауы, «Абай жылдары» – Сыр мақамдарында» атты онлайн жыр фестивалі ұйымдастырылады деп жоспарлануда. Фестивальде өмірімізге белгілі 15 жыршы Абай жырларын Сыр сүйелілерінің мақамдары арқылы халыққа жеткізеді. Өткізілген барлық мерейтойлық шараларды көрермендеріміз YouTube желісінен арнайы ашылған «Сыр шаңырағы» каналы арқылы тамашалауда. – деді облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысының орынбасары Нұршат Бекжанқызы.

«Рухани жаңғыру» мақаласы аясында ата-бабаларымыздың сан ғасырлық мұрасын біліп, бағалап, мәтін етіп ұлық тәрбиелеу, өнімдімізді тәп мұрасы арқынд, жұрпаулық өнерді ұрпақ санасына сіңіру мақсатында биылдың өзінде 60-қа жуық облыстық, аймақтық, республикалық конкурс-фестиваль ұйымдастырылды.

– Қазіргі таңда аудан, қала әкімдіктері мен облыстық басқармалар «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 6 негізгі бағыты және 17 арнайы жобасын атқаруда. Осы бағытта өткізілген 2000-ға жуық түрлі іс-шараларды өткізу жоспарланған. COVID-19 пандемиясына байланысты біртұтас іс-шаралар онлайн форматқа ауыстырылды. – деді «Рухани жаңғыру» орталығының директоры Ұлхан Серікұлы.

Еліміздің ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай кешенді аталық шаралар өткізілді. Аталық барысында Абайдың қара сөздері жазылған кітаптар, қоғамдық көліктерге Абай шығармашылығы жазылған үнтаспапар таратылды. Орталық жаныңдағы еріктерілер ашылғанымен жыраға қосып, әлеуметтік желілерде жарияланды. Орталықтың бөлім басшысы, филармония күйлерінің кандидаты – Қосанов Құрыс Кереш – Баян сұлу» жыршы Абай нұсқасы» тақырыбында тікелей эфир жүргізіп, көпшіліктен ой бөлісті.

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»: 20 КОМПЬЮТЕР

Облыстық жастар ресурстық орталығымен IT парк қызметкерлері бірігіп тұрмысы төмен отбасы оқушыларына компьютер жинау ісін қолға алған еді. Осы бастама бүгінде жалғасын тауып, облыстық мамандар ескі компьютерлерді қағде жаратып, балалардың кедегіріс білім алуы үшін тағы да 20 компьютер жасап шығарды.

Қала тұрғындары да мұқияд іс бастамадан тыс қалмай, істен шыққан компьютер орталыққа әкелді. Нәтижесінде мамандар 110-ға жуық компьютердің ішіндегі қажетті бөлшектерді пайдалана отырып, тағы жаңа 20 компьютерді жасақтап шығарды. Бүгін олар екінші лекпен тұрмысы төмен, мұқтаж отбасыға таратылды. Орталық директоры Бауыржан Мәстековтың айтуынша, осыған дейін жаңа оқу жылына орай 30 компьютер берілген, республикада алғаш болып біздің өңірде қолға алынған бұл бастама алдағы уақытта да жалғасуда.

Компьютерге қол жеткізгендер ішінде Айнур Әлімев бар. Баласының білім көкіегінен кеңейтуге берілген бұл мүмкіндікке деген оның алғысы шексіз. Мә, жақсылықтың үлкен-кішілі болмайды. Өзгеге мейірім сыйлау үшін таза ниеттің өзі жеткілікті.



ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ



Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес – ең өзекті мәселе. Бүгінде дейін жойылмай отырған жемқорлық – ең өзекті мәселе. Бүгінде дейін жойылмай отырған жемқорлық – ең өзекті мәселе. Бүгінде дейін жойылмай отырған жемқорлық – ең өзекті мәселе.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – ұлтымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің халықаралық беделіне, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бастандықтарына елеулі нұқсан келтіретін қауіпті құбылыс. Сондықтан да онымен күресті тек заң қызметкерлері ғана жүзеге асырады деп бойымызды аулақ салмай, бірлесіп күресу баршымыз үшін мәнізді іс.

Еліміздің заңнамаларына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмысына негізінен лауазымды қымыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа дегенді болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған өз жеткізу және сеніп тапсырылған бөтен мүлкіті иеленіп, лауазымды қолданып алу немесе ысырып ету жемқорлық сыбайласы байландырады пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлықпен көрменді күресу үшін құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керек. Халық өз құқығын, өзіне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасағанда қандай іс-қимыл қолдану керек екенін нақты білуі қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тілмді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруін барлық сапаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі басты мақсат болып отыр.

Айгуль БЕРМАХАНОВА

БАСЫМДЫҚ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА

Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында балық шаруашылығына да баса мән беру керек екені айтылды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауыл шаруашылығы саласында келер мен өзен жүйелерінің маңызы, ондағы балық қорын көбейту жайлы тапсырмасы біздің Сыр бойында да нақты іске асуда. Оған дәлел жақында облыста балық шаруашылығын дамыту жайлы бас жоспар жасалып, нақты міндеттер қабылданды.

Біздің шаруа қожалығының басты мақсаты – облыстың балық шаруашылығын дамыту жоспары кіре отырып, өзімізге тиесілі келдің қауіпсіздігін сақтау. Сондай-ақ ондағы балық қорын көбейту арқылы өңірдегі ауыл шаруашылығы саласын дамытуға үлкен күш саламыз.

Өзіміз мемлекетіміз, 20 жылға жалға алынған келдің жалға аумағы 15 гектар болады. Дүтбай деп аталады. Қызылорда қаласына жақын келді облыстық табиғи ресурстар мен табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы арқылы келісім-шартпен дамытуға қолға алды.

Міне, содан бері басқарма бекіткен міндеттемелерді орындап, су айдындарын сақтауда жұмыс істедіміз. Ондағы табиғат байлықтарын ұдайы назарда ұстап, шаруашылық қорықшылық көл аумағын бра-

коньерлерден қорып келеді. Өйткені жылдың төрт мезгілінде де балық аулаушылар қытай ауын қолданып, онымен қоймай, тоқпен ұру арқылы электр құрылғысымен аулап, зиян тигізу өбден мүмкін.

Басқарма бекіткен белгілі міндеттемелердің ішінде біздің өзге де көп шаруа кіреді. Мысалы, келді терендету, су қорын қалыптасты ұстау, қатты өсімдіктерді шабу, шабақ қорын көбейту, олардың дамуына жайдай жасау, табиғи ұылдырық, шашу кезінде жайластыру, т.б. Қазіргі кезде мақсат орындалып, балықтың қырылмауына жол бермеу де біздің міндетке кіреді. Сондай-ақ жыл сайын күріш өсігітінде қалған шабақтарды өзіміз құрып, көлге әкеліп саламыз.

Алға көрсеткен, біздің біздің 2 жарым мыңнан астам шабақ құтырылса, биыл 4 мың шабақ түрі көлге жіберілді.

Біздің көлде сазан, денгизмаңдай, жылпақпаз, торта, амқарқа, қылыш балық, кекерік сияқты балық түрлері тіршілік етеді. Жалпы Дүтбай көлінде балықтың 12 түрі бар.

Қорыға айтсақ, облыста 207 көл барын ескеріп алсақ, осыныша су айдындарының 180-нен астамы жеке көсілермен мән-шінінде. 10 жылдан ары қарай түрлі мерзімге жалға алған. Шыны керек, олар бір жағы көсіп қылса, екінші жағынан табиғат қорын қорғап, өсімін көбейтуге атсалыда. Өйткені келді алғандығы міндеті де сол. Сондай-ақ жергілікті жердің тұрғындарынан екі адам болса да жұмыспен қамтып отырғанды да айта керек.

Сәбира АХМЕТОВА
«Ауылмен» шаруа қожалығының төрайымы

ДИНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМ – ДІНГЕ ЖАТ

Бейбітшілік пен татулықты арқау еткен мемлекет билігін қуыртутеу әсер ететін бүгінгі таңда бүкіл әлем бойынша жаһандық мәселе – дини экстремизм – терроризм. Қазіргі уақытта, терроризм мен дини экстремизмнің таралу қаупі еліміздің қауіпсіздігіне төнетін шынайы қауіпке айналып отыр.

Жалпы дини экстремизм мәселесі әлем бойынша өзекті тақырыпқа айналды. Өлемдік тәжірибеде дини экстремизм әлеуметтік, экономикалық, саяси және дини, экологиялық және басқа да өзекті мәселелерді шешу барысында әрбір қоғамда, мемлекетте жаңаданға. Қарап отырсақ, дини экстремизм экономикалық дамыған және саяси тұрақты елдерде де белең алады. «Дини экстремизмнің бірінші белгісі адамның нағыздығына, қорқынышқа негізделген өз көзқарасы, пікірінің орындалуын табанды түрде талап ету. Мұндай адамдар басқа көпшіліктің қажеттіліктері мен ақиқи жағдайын түсінебейді немесе түсінісі келмейді. Дини экстремистердің екінші себебі, олардың ешбір қажеті болмаса да әрісте тартқан тыс шығып кетуге бейім тұру. Басқаларды да осыған итермелейді. Нәтижесінде адамдар арасындағы қалыңды қарым-қатынас бұзылып, қоғамдағы үйлесімді тіршілік арасынан ауытқып, әлеуметтік топқулардың тууына себеп болады. Дини экстремистік көріністің үшінші түрі, сырт көзге байқалмайтын, адамдарға



деген күдік пен сенімсіздіктен туады». Қазіргі уақытта ел мен ел, мемлекет пен мемлекет, адамдар арасындағы арадаза, бүліктердің туындауы себебі жалған діндердің орын алуы басты себеп болып отыр.

Дини экстремизм – дини фанатизмнің шектен шыққан түрі. Кез келген экстремизмнің мәні – олардың пікірлеріне қосылмағандарға зорлық-зомбылықтарын көрсету. Экстремизм және терроризм өзінші қылмыстық мақсатын орындау барлық мүмкіндіктері пайдалануда, соның ішінде әлемде ең қымбат – адам өмірі, оның денсаулығы мен қоғамдағы күнделікті іс-қимылын жоюға дейін барады.

Дини экстремизм мен терроризмге қарсы күресті бірден-бір жол – олар туралы өз уақытында шынайы мәлімет беру. Бұл жерде өріне күнделікті апаратын құралдарының ролі өте жоғары. Секталаушы, экстремистік топтардың қауіп туралы жастарды көбірек хабардар етіп отыру қажет.

Олжас БЕГАЛИЕВ

Бетті дайындаған: Мөлдір САБЫРЖАН

ЖАС КӨШБАСШЫ

Облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының ұйымдастыруымен мемлекеттік тілді дамыту бағытында «Жас көшбасшы» интеллектуалдық сайысы өтті. Оған «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысының мүшелері, Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушылары қатысты.

Сайыста қатысушылар 4 кезек бойынша бақ сынады. Бірінші кезеңде Kahoot бағдарламасы арқылы өз білімін дәлелдеді. Екінші, сергіту сәтінде сайыскерлер қызықты логикалық сұраққа жауап берді. Үшінші брэинг-ринг кезеңінде әр топқа белек-бөлек сұрақтар қойылды. Төртінші кезеңде жастардың Қазақстан тарихын қаншалықты деңгейде білетіні тексерілді. Сайыс нәтижесінде тапқырлығымен танылған «Бірілік» тобы I дәрежелі, «Ынтымақ» тобы II дәрежелі, «Достық» пен «Татулық» тобы III дәрежелі дипломмен марапатталды.



ЖАЛАҒАШ ЕРІКТІЛЕРІ ЖАРАП ТҮР

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАК претингін «Қызылорда облысындағы ауылдық ҰЕҰ ағытының арттыру» білім беру технологиялары мен бастамалар қоры КҚ жобасы шеңберінде 500 000 мың теңге шағын гранттар конкурсының жеңімпаздары Жалағаш ауданы жастарынан құралған.

«Достық» бастамашы тобы «Біз біртұтас» волонтерлік тобын құрып, төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлермен бірге төтенше жағдайдың алдын алуға байланысты арнайы жасақталған тізім бойынша кең орталығындағы тұрғындарға өрттен сақ болуға шақырып, қауіпсіздік ережесін ескертті. Сондай-ақ тұрғындардың қажеттілігіне орай мұқият тегін тазапаздар, 10п жетекші Аманжол Нұржан Дәуімбаев елді мекеніне грант шеңберінде 5 қойыс жәшіпін орнатуды жоспарлап отыр. «Достық» бастамашы тобының волонтерлік қызметі қараша айының соңына дейін жалғасуда.



Алмат ТАСҚАРАЕВ,

Қызылорда облыстық қылмыстық-атқару жүйесі ЗК-169/1 мекемесінің басшысы, әділет подполковнигі:

ӘДІЛ АЙТҚАН ЖЕҢЕР

– Алмат Жұманұлы, сіз басқарып отырған мекеменің ашылғанына 20 жыл толыпты, мекеме тарихы мен бүгінгі тыныс-тіршілігі жайлы айтып берсеңіз.

– Тарихқа үңілсек, ЗК-169/1 мекемесінің негізі 1810 жылы атқара есебінде қамыстан салынған үйден басталады. Сол кезеңнен бастап екінші мыңжылдыққа дейін қызметін мінсіз атқарған. Бұрынғы тергеу абақтысы заман талабына сай келмеуіне байланысты 2000 жылы бұрынғы 4 қабатты Теміржол гимназиясына өңдеу, жеңдеу жұмыстары жүргізіліп, 14 қазан күні пайдалануға берілді. Алғаш ашылғанда халықаралық стандартқа сай келетін 4 қабатты режимдік корпусы, дәрігерлік бөлімі, кір жуу, ас дайындау, суға түсіру бөлмелері бар ғимаратта жұмысын бастаған. Одан кейін 2019 жылы мекеменің негізгі қоршауына күрделі құрылыс жасалды. Бүгінде 468 метрді алып жатқан дуал қорған заң мекемесінің еңсесін асқақатып тұр. Сонымен қатар республикадағы тергеу изоляторлары арасында алғаш болып, мекеменің БББ ғимаратында азаматтарды қабылдауға арналған мамандандырылған үй-жай (фронт-офис) ашылды. Бұл фронт-кеңсеге жұмыс жасайтын тиісті қызметкер бекітіліп, азаматтарды қабылдау жұмыстары денгейін жақсарту мақсатында, электронды кезек жүйесі орнатылған. Тергеу изоляторы, қауіпсіздігі аралас уақытша ұстау мекемесі. Мұнда сот үкімі заңды күшіне

енгенге дейінгі айыптаушылар мен күдіктілер және шаруашылық бөліміне қалдырылған сотталғандар отырады. Толтыру лиміті – 430. Бүгінгі таңда қаманда 247 контингент бар.

– Уақытша ұстау изоляторына кімдер қамалады?

– Уақытша ұстау изоляторына кез келген заңбұзушылық жасаған адам жеткізіледі. Қылмыс жасады деген күдіктілер де бірінші кезекте уақытша ұстау изоляторына қамалады. Бірақ заң бойынша оларға қатысты қаманда ұстау туралы сот үкімі шығуы керек. Уақытша ұстау изоляторының басқа жазасыз мекемелерінен ерекшелігі, жазаланған адам изолятор аумағында немесе аулада жүре алмайды. Олар камераға орналастырылады және сыртқа шығуға тыйым салынады.

– Денсаулық – зор байлық дегенді, мекеме қамандауындағылардың денсаулығын қамтамасыз ету үшін қандай жағдай жасалған?

– Медициналық қамту жағынан айтатын болсам, мекемеде 14 төсек орындық яғни 7 палаталық медициналық санитарлық бөлім бар. Оның бір палатасы ана мен балаға арналған. Жақында жазасыз үкімді күтіп отырған аяғы ауыр әйел босанып, жазасын өтеу мекемесіне кеткенше, медицина бөлімі дәрігерлерінің жіті бақылауында болды. Мекеменің медицина қызметкерлері мен жеке құрам және ерікті жалдамалы қызметкерлері жас нәрестеге керекті барлық материалдық жағдайына көмек береді. Жалпы

мекеменің медицина бөлімінде 12 дәрігер жұмыс жасайды. Бөлімде рентгенография және флюорография кабинеттері мен клиника диагностикалық зертхана, ординаторлық таңу бөлмелері және дәріхана бар. Бұл бөлім бойынша қорытындылай келе айтатыным, мекеменің ішінде қандай да бір аурудың жұғуы және өлім оқиғасы болған жоқ.

– Жастар арасындағы қылмыс туралы айтып өтсеңіз?

– Соңғы жылдармен салыстырғанда жағдай түзелді. Бұрын төбелес, бұзақылық ерекшелігі жиі болатын. Қылмыстың табиғаты тереңде жатыр. Бұл әлеуметтік, экономикалық жағдаймен байланысты. Жастар арасындағы қылмысқа әсер фактор – әлеуметтік теңсіздік. Мысалы, нақты бір аймақты алсақ, ондағы бай және кедей топтар арасында едәуір айырмашылықтың болуы қылмыстық жағдайға әлпін келеді. Яғни, бұл әлеуметтік араздық пен қызғаныш туғырады. Тағы бір айта кететін нәрсе, ол – интернет. Баланы жұбату үшін кішкентай кезінен ұялы телефонға әуес етіп, ойын ойнатып қоямыз. Ол виртуалдық әлемде өзін «герой» образында көреді. Шын мәнінде, ата-ана мен бала арасында жүрежарды қарым-қатынас азайды. Баланы жақсы көру деген материалдық тұрғыда қамтамасыз ету емес. Біз баланы өзіміздікіне, агрессияға тәрбиелеп жүрміз. Баланың әрекетін ақтау, жақтау ола

әкелмейді. Қазір қыз балалар арасында да қылмыс көп. Мұның өзі үлкен мәселе.

– Алмат мырза, айыпталушыларға барлық жағдай жасалған.

Бірақ, туыстары тарапынан сәлемдеме беріледі. Тергеу изоляторына тыйым салынған заттарды өткізбейсіз болғандар аз емес шығар?

– Тергеу тұтқындығыларға тыйым салынған заттарды өткізуге тырысатындар түрлі айла-шарғы ойлап табады. Мысалы жуырда біздің мекемеде қаманда отырған азаматқа танысы алып келген сәлем-сауқатты тексеру кезінде мекеме қызметкерлері палауға жасырылған ұялы телефонды тауып тәркіледі. Тізе берсе мұндай фактілер көп, ал әр фактінің ар жағында бақылаушылардың қырағы өңбегі бар.

– Қазіргі таңда еліміз төтенше жағдай режимінде. Осындай қиын сәтте, мекеменің қандай жұмыстар атқарылады?

– Еліміздегі эпидемиялық жағдай белең алғалы бері, коронавирустық жұқтырмаудың алдын алу мақсатында ЗК-169/1 мекемесі бойынша орасан зор жұмыстар атқарылды. Мекеме аумағында өткізуге тиісті міндетті санитарлық-эпидемиялық сақтық шараларынан бөлек, ең бастысы, мекеме аумағындағы құқық бұзушылардың денсаулығына қауіп келтірмеу мақсатында жасалған онлайн жүздесулерді ерекше айтуға болады. Мекеменің кезекші ғимаратынан арнайы екі бөлме бөлініп, ноутбук

қойылды. Осы ноутбуктың Skype желісі арқылы барлық отбасын көріп, сөйлесіп, үй жағдайынан хабардар болады. Бұл уақытта мекемеде кей күндері 20-25-ке дейін онлайн жүздесулер болып тұрды. Жалпы алғанда, карантин режимі кезінде түскен негізгі салмақ медицина қызметкерлерінің жауапкершілігін арттырды. Гипократ антына берік ақ халаттылар мекеме тарапынан жасалынған қыруар сақтық шарасын абыроймен атқарып шықты. Күдіктілер мен сотталғандардан коронавирус инфекциясын жұқтыру жағдайы тіркелмеді.

– Осы күндері қоғамда әр салада кадр тапшылығы байқалады. Бұл қатарда полиция өкілдері де бар шығар? Қызметкерлеріңіздің дене шынықтыру дайындығы қалай?

– Қызметкерлерінің штаттық саны – 165 адам, оның ішінде жеке құрам – 127. Жеке құрамның жауынгерлік әзірлігін сақтап тұру мақсатында мекеменің кәсіби қызметтік және денешынықтыру даярлығы жөніндегі инспекторы арнайы жаттығу залында атласына екі рет сабақ өткізеді. Соның нәтижесінде шыныққан шымыр жігіттер арасында чемпиондар мен спорт шеберлері де бар. Қызметін жаңа ғасырда жаңа мекемеде бастаған ЗК-169/1 мекемесінің бүгінгі қызметкерлерінің он пайызы ғана қырықтан асқандар болса, қалған тоқсан пайыз жеке құрам қызметкерлері – жастар. Осы қазан айында мекеменің жеке құрамы, 19 жас маманмен толықтырылды. Егемендіктің елең

алаңында туып, тәуелсіз елдің тәлімді тәрбиесін алып өскен мекеме жастарының бойында патриоттық рух басым.

– Жұмысыңыздағы ұстанымыңыз қандай?

– Полиция қызметкері болу үшін білім де, білік те, білек те керек. Сабыр, төзім және қажыр-қайрат қажет. Шапшаңдық пен жылдамдық, тез шешім қабылдап, жылдам әрекет ете білу қабілеті полицияға қажетті басты қасиеттердің қатарында. Ұстамды болуы, азаматтармен тіл табыса білуі, сыпайы болуы да аса маңызды.

Бүгінгі таңда полиция қызметкерлерінің тек мінездемесі, кәсіби біліктілігі ғана емес, сыртқы сымбаты назарға алынған. Ішкі істер департаментінде полиция қызметкерінің жағымды имиджін қалыптастыру тұрғысында тыныштықты жұмыс атқарылуы.

Полиция қызметкерінің жұмысын оңай деп ойлайтындар жанылысады. Себебі, полиция қызметкерінің басты ұстанымы – өз ар-ожданының алдында таза болу, қызметкерінің кәсіби қызметтік және денешынықтыру даярлығы жөніндегі инспекторы арнайы жаттығу залында атласына екі рет сабақ өткізеді. Соның нәтижесінде шыныққан шымыр жігіттер арасында чемпиондар мен спорт шеберлері де бар. Қызметін жаңа ғасырда жаңа мекемеде бастаған ЗК-169/1 мекемесінің бүгінгі қызметкерлерінің он пайызы ғана қырықтан асқандар болса, қалған тоқсан пайыз жеке құрам қызметкерлері – жастар. Осы қазан айында мекеменің жеке құрамы, 19 жас маманмен толықтырылды. Егемендіктің елең

әрі тұрақты дамуының басты факторының бірі. Сонымен қатар заманауи тұрғыда тиімді полиция қызметі мемлекет пен халықтың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға септігін тигізеді.

– Дің мен криминалды не байланыстырады?

– Жалпы дінің теріс талқылануы және әсіресе діни лигылды ұстанушылар санының өсуі қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінде 2007-2008 жылдан бастап сезіле бастады. Ал одан кейінгі елді шұлаптан оқиғалар теологияның өзектілігін айшықтай түскендей. 2009-2012 жылдары бас бостандығынан айыру орындарында діни теріс көзқарастағы тәртіпсіздіктер жиіледі. Соның ең бір ұшыққан шағы біріміз білетін 2010 жылы Маңғыстау облысында орын алған болатын. Тергеу іс-шаралары бұл әрекетті діни теріс жолдары сотталғандардың қылмыстық субмәдениетті ұстанушы топ пен олардың бостандықтағы сыбайластары бірге жоюға бағытталған. Біздің мекемеде әрбір айыпталушымен теолог мамандар жұмыс жасайды. Теолог мамандарымыз азаматтар арасында «теріс діннен қайт» деп үгіт-насихат жүргізбейді. Олар әрбірінші психологиялық портретін жасайтын тыңшы десе де болады. Оның берген мәліметтері бойынша жазасын азаматтардың бөлімі айналысады.

– Сұбаттыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан: Ерхан АҚЫН

Жағасы. Басы 1 бетте.

MONEY, MONEY, MONEY...

Осыдан бес жыл бұрын мемлекет теңгені тұрақты ұстап тұру мүмкін емес, енді еріне жібердік деп ресми жариялаған тамыздан соң сол уақытта бір долларға шаққанда 198 теңге тұратын доллар 325 теңгеге бір-ақ шақырғанда тұра ағылшын еңбегінен қалың қазақ теңге, теңге, теңгелері қалғандай болды-ау сірә. Тіпті текшепел жинап қойған теңгесі жоқ адамдар да біртүрлі боп қалды. Өйткені бұл халыққа қатты әсер еткен жағдай болды. Ең көп тапшыланған тақырып та осы болды. Артық теңгесі жоқтардың жаңа бағаны екі бұйырдан қысқан қымбатшылығы еді. Үйдегі көп-күйді доллармен бірге көтерілген базардағы нарық бұзды. Ақшасын доллармен жинағандардың мұртын бақа шапқан жоқ, бір-біріне қарыз берген ағайынның ішінде долларлай берешектердің өкпесі қысылды, жүрегі нашарлады.

Өткен күннен бір езуатар: есінгің алғанда шемшіле сатып тұратын көрші әкең әдеттегі ставканы сұрайтын 30 теңгені 70 теңгеге бір-ақ көтерді.

— Апа, мұныңыз қалай? Неге қымбат? — деп сұраймыз өткен-көткен.

— Балам, доллар қымбаттады ғой.

Өйсейдің уәжі ерікісіз езу тартқызыған шындығы да осы еді. Нарынқолдың қартыбыңыз бағасына АҚШ долларын долларлай қатысы қанша деп Н. Назарбаевтың теледидардан айтатыны да осы кез ғой.

Осы 2015 жылы Тұңғыш Президенттің перменімен Үкімет пен Ұлттық банк Қазақстан экономикасын долларсыздану жоспарын бекітті. Онда ең алдымен нормативтік-құқықтық базаға, төлемдер туралы, валюталық реттеу туралы заңдарға өзгертулер енгізілетін болды. Банкаралық айырбас пункттерінің қызметі қатандатылып, валюталық заңнамға реттелді деп мәлімделді. Ұлттық банк қазіргі уақытта сектор компанияларымен бірлесіп, депозиттердің қандай да бір валюталық мақсаттылығы туралы мәселе қарайтын болған. Нәтижесі әжептәуір байқалды да,

қарапайым ғана мысал, бұрын нарықтағы үйлердің бағасын тек қана доллармен айтатын ағайынның аузынан мынанша миллион теңге тұрады деген сөздерді естідік. Теңге болды, сонда қанша доллар тұрады деп, бұрынғы әдетпен қайтадан оша доллармен есептей бастайтын дағдымыздан қазір бірте-бірте арылды, тіпті ұмыттық десек болады. Тек анда-санда шетелге сахат, т.б. туралы ойлай бастағанда бір миллион теңгенің бар-жоғы екі-ақ мың доллар тұратынын ойлағанда жүрек тусын шым ете қалатыны болмаса...

Сол жылы-ақ Ұлттық Банктің төрағасы Қайрат Келімбаев қызметінен кеткенмен кетеуі кеткен дүниенің беті бері қарай ма, бүгінде теңгенің долларға шаққандағы бағамы 429-дың о жақ бұ жағында. Ақырында бір доллар 500 теңгеге азай бармайды деп бір бірін жұбатқан жұрт ол күнге де жақыдағанын аңдамай да қалды-ау. Бірақ бұрын жапқан халықтың деңгейде қандай да бір мән беру, мәселе тудырату сабырсызды. Елдің ойын бекіте түскендей, Қазақстанда банкеттің депозитін теңгенің толтырушылардың үлесі артып келеді деп ара-тұра позитивті ақпарат жариялап тұратын болды Ұлттық банктің төрағасы.

Расында да көйде аңғал адам ойлайды ғой, осы мұхиттың арғы жағындағы бағамы 429-дың о жақ бұ жағында. Ақырында бір доллар 500 теңгеге азай бармайды деп бір бірін жұбатқан жұрт ол күнге де жақыдағанын аңдамай да қалды-ау. Бірақ бұрын жапқан халықтың деңгейде қандай да бір мән беру, мәселе тудырату сабырсызды. Елдің ойын бекіте түскендей, Қазақстанда банкеттің депозитін теңгенің толтырушылардың үлесі артып келеді деп ара-тұра позитивті ақпарат жариялап тұратын болды Ұлттық банктің төрағасы.

Азамат МҰХАНОВ, ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің басқарма басшысы:

ОЛАР ПСИХОЛОГИЯНЫ ЖАҚСЫ БІЛЕА

Соңғы уақытта WhatsApp желісінде заңсыз ақша табуға бағытталатын ойын түрі көбейде. Мысалы, «14 мың теңге сатып да, өзгерте алмайсың» ойынына шақырып, 114 мың теңге алды деген сынды жарнама аз ғана уақыт ішінде қоғамның қызығушылығын тудырды. Ойынның шарты бойынша 14 300 теңге салып, артынан екі адам ертіп келу керек. Олар да 14 300 теңгенеден салды. Осылайша, пирамидадың жоғары жылжуына қарай, нәтижесінде 114 000 теңге табыс түседі деп сендіреді. Мұндай алаңдану Осы мәселе теңгегедегі ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің басқарма басшысы Азамат Мұхановпен сұхбаттасқан едік.

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ САНЫ АРТУДА

— Қаржы пирамидасын құрушылар өзін крипто валютамен, шетелдік компаниялардың акциясымен, көрсетілетін қызметтермен заңды сауда жасайтынын алға тартып, халықты үйтейді. Алайда нағыз көңілсіздікте тез және оңай ақша табудың жолын іздейтін аңғал пайдаланушыларды қаржылық шығынға ұшыратуы мүмкін. Қаржы пирамидасын құрушылар халыққа өзін тез ақтайтын жобаға ақша салуды ұсынып, «мол байлыққа кенелетінін» уәде беріп, жобаға танысын белсенді шақыруға үгіттейді. Қаржы пирамидасының торына түсіп қалмау үшін өте мұқият болу қажет.

НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ

— Қаржы пирамидасының басты ерекшелігі — салынған ақшадан түсетін жоғары пайыз бен оның тез қайтарыны туралы уәде берілісе, ақша салудан бас тартыңыз. Олар ойына қатыстынан әрбір жаңа қатысушыға бонустар, жеткіздіктер беріледі деп қызықтырады. Қаржы пирамидасын жеңілдетіпті компанияның атын жамалыуы да мүмкін. Алаяқтар азаматтарға кейде теңің кенес беріп, қаржы нарығында ақша табуды ұсынады.

Сондай-ақ клиенттің брокер-серіктестік шот ашуына мүдделі. Алаяқтар инвесторларды «серіктестеріне» ақша аударуға ынталандырады. Сонымен қатар ұйымдастырушылар бірінші қатысушыларға өз қаражатынан үлкен табыс төлеп, бөделіп артырады. Қатысушылар өсебінен даму мен өсу байқалған соң, жаңа қатысушыларға сыйақы ұйымдастырушыдан емес, жаңадан келгендердің өсебінен төленеді. Қомақты қаражат жиналған соң, ұйымдастырушылар із сұғатады.

ПИРАМИДА ҚАРЖЫЛЫҚ ҰЙЫМҒА ЖАТПАЙДЫ

— Қаржы пирамидасы қаржы ұйымына жатпайды. Депозиттерді қабылдауға, жеке тұлғалардың банктік шотын ашуға және жүргізуге лицензиясы жоқ. Сондықтан алдағын қауіп қауіп жоғары. Егер сіз ақшаның заңды тапсыратын ұйымның ҚР қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің лицензиясы бар болса, онда агенттікке қатысушылардың банкеттің аралығы есеп-шотын, бухгалтерлік есепті жасырын ұстайды. Оны орнына әртүрлі интернет төлем мен аударым жүйесін пайдаланады, — дейді А.Мұханов.

АЛДАҢБАС ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

— Компанияның иелері мен басшылығы туралы апаратын зерделеп, қайда тіркелген біліңіз. Егер басшылық туралы деректер құпия болса, ал компанияның өзін әлдебір оффшорлық аймақта тіркелсе, сәк болған жөн. Компанияларды оффшорлық аймақта тіркеу ресмі барынша жеңілдетілген, ал нақты иесінің артында немесе осы құрылымның артында кім тұрғанын білу өте күрделі. Сондықтан компанияның барлық жарғылық және құрылтай құжаттың ұсындыру сұраның. Алаяқтар психологияны жақсы біледі. Адамның жылдам және оңай байлып тектіретім алдайды. Сондықтан пирамидада жылдық табыс 20, 50, 100% кіріс көлемінде болады деп уәде береді. Соңында тақырға отырыңызды. Осы тұста ескеретін мәселе, көптеген құманды компаниялар қома-қол ақша қабылдамайды және компаниялардың банкеттің аралығы есеп-шотын, бухгалтерлік есепті жасырын ұстайды. Оны орнына әртүрлі интернет төлем мен аударым жүйесін пайдаланады, — дейді А.Мұханов.

А.ҚАРЖАУБАЙҚЫЗЫ

1 ДОЛЛАР — 429 ТЕНГЕ

Апта басынан бері қор биржасында теңге бағамы нығайып келеді. Ұлттық банктің күні кешегі ресми бағамы 1 долларға 429,01 теңгені көрсетті.



Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттық қорытындысы бойынша теңгенің 1 долларға қатысты бағамы артпай бастады. KASE-тің сауда-саттық мәліметіне сәйкес доллар бағамы 10 қараша күнгі бағаммен салыстырғанда 1,61 теңгеге төмендеп, 1 доллар үшін 427,39 теңгені құраған.

РЕЙТИНГ ЖОҒАРЫЛАДЫ



Moody's халықаралық рейтинг агенттігі Kaspi Bank-тің ұзақ мерзімді депозиттік рейтингін көтеріп, жалпы болжамды «ұтрақтыдан» «жағымдыға» ауыстырды. Оған қоса депозиттердің ұзақ мерзімді рейтингін ұлттық өлшем бойынша А2-ке жоғарылады.

Жағымды жаңалық жайлы Kaspi.kz-тің басшысы және негізін қалаушылардың бірі Михаил Помтадзе келесідей пікір білдірді: «Moody's халықаралық рейтинг агенттігінің болжамды «жағымдыға» және ұлттық өлшем бойынша депозиттер рейтингін өзгерту туралы шешімі Kaspi-дің жоғары деңгейдегі тұрақтылығын тағы да растады. Біздің табысымыздың негізінде қазақстандықтардың күнделікті өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған Kaspi.kz суперкорысшысы тұр. Мобильді қосымшамыздың көмегімен біз сүйікті клиенттеріміз бен серіктестеріміз үшін инновациялық онлайн қызметтерді дамытып, сол арқылы Қазақстанның цифрлы трансформациясын жеделдетіп жатырмыз», — дейді ол.

Тұтынушылардың өмірін жақсартуды басты мақсат екен Kaspi.kz арқылы төлем және аударым жасап, жеке қаражаттарды басқаруға және жеткізу қызметімен тиімді онлайн зат сатып алуға болады. Бүгінде Kaspi.kz мобильді қосымшасын 8 миллионнан астам қазақстандық қолданады.

ВАЛЮТАЛЫҚ ИНТЕРВЕНЦИЯ

Былғы эпидемиологиялық ахуал экономикаға да айтарлықтай әсер етті. Осындай құбылмалы уақытта теңге бағамының тұрақсыздығы орын алмас үшін Ұлттық банк валюталық интервенция жүргізді. Бұл туралы Ұлттық банк төрағасының орынбасары Әлия Молдабекова мәлімдеді.



— Сыртқы нарықтағы жағдай сияқты өткен айда теңге серпіні әртүрлі бағытта, құбылмалық орташа сипатта болды. Алайда қазанның соңғы күндерінде энергия тасығыштар бағамының күрт төмендеуі аясында теңгеге айтарлықтай қысым түсті. Айдың соңы астап-астана мұнай құнының төмендеуі қаржыны болды, жалпы 2020 жылғы сәуірден бастап барынша нашар болды, баға 10,3%-ға төмендеді. Осы кезеңде валюта нарығында валюта ұсынысының күрт төмендеуі және өтімділіктің төмендігі байқалды. Осыған байланысты Ұлттық банк валюталық интервенция жүргізді, оның көлемі 91,3 млн долларды құрады. Ұлттық банктің қатысуы жалпы нарықтық серпініктерді келтірмеді, — деді Әлия Молдабекова.

Ұлттық банк төрағасының орынбасары қазан айында атының арзандау транзакциясы жалғасып, бір айда уңыясы 1893,4 доллардан 1875,8 долларға төмендегенін де тілге тиек етті.

— Бағалы металдар нарығындағы негізгі анықтатушы фактор АҚШ-тағы саялауға қатысты белгісіз болды. Алтын бағамының төмендеуі ес жүзінде Ұлттық банктің алтын портфеліне әсер етпегенін айта кеткен жөн, өйткені ол басым құндықты іске асыру шеңберінде отандық алтынды сатып алумен реттелген болатын. Қазанның соңында Ұлттық банктің алтын портфелі 23,2 млрд долларды құрады, — дейді ол.

3000-НАН АСТАМ АЛТЫН ҚҰЙМАСЫ



Ұлттық банктің хабарлауынша, қазан айында қазақстандықтар екінші деңгейлі банктерден және банктік емес айырбастау пункттерінен жалпы салмағы 127,6 келі, 3 066 өлшеуіш құйма сатып алған. Айта кетейік, құймаларды сатып алу бойынша Алматы, Атырау, Нұр-Сұлтан қаласы көш бастап тұр. Ұлттық Банк халық үшін тазартылған алтынның өлшемді құймаларын сату және кері сатып алу бағдарламасын 2017 жылғы іске қосты. Содан бері жалпы салмағы 1,37 тонна болатын 37 754 алтын құйма сатылған. Алтын құймаларын банкеттер мен және банктік емес айырбастау пункттері сатып алады. Бүгінде алтын құймаларды Halyk Bank-тен, Eurozilyak Банктен, Jysas Bank-тен, Банк ЦентрКредиттен, сондай-ақ банктік емес айырбастау пункттерінен сатып алуға және оларға кері сатуға болады. Сатылатын алтын құймалардың 5, 10, 20, 50 және 100 грамды құрайтын бес түрі бар. Қазір нарықта ең көп сатылғаны — 10 г құйма. Сатылған барлық құйманың ішіндегі оның үлесі 25%, яғни, 9 505 дананы құрайды.

Өзірлеген Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ

САЛЫМШЫЛАРҒА 14 МИЛЛИОННАН АСА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры 2020 жылғы қазандағы жағдай бойынша салымшыларға 14 миллионнан аса қызмет көрсетті. Қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты біртұрақ шектеу шараларының қабылдануына қарамастан, 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көрсеткіштер 5% немесе 663 мың қызметке артты.

Мұндай көрсеткіштерге онлайн-қызметті ұсынуудың оңтайлы жүйесінің арқасында қол жетті. Өткен жылмен салыстырғанда электрондық қызметтің танымалдығы 2,2 млн қызметке өсті.



Осылайша салымшылардың көпшілігі БЖЗҚ саятына және уәжы қосымшаға тіркелген. Жеке кабинеттің көмегімен қызметтердің толық спектрін үйден шығарып-ақ алады. Атап айтқанда, бұлар жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу,

деректемеге өзгеріс пен толықтыру енгізу, ЖЗШ-ның болуы туралы анықтама алу, мерзімсіз тіркеу және 2 топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемін тағайындау туралы өтініш бере алады.

Шектеу шарасы

жеңілдетілгеннен кейін БЖЗҚ-ның 200-ден астам бөлімше жұмысы қайта қанданды. Онда қабылдауға алдың ата жазыққа жолдату, ылғалды тазалау және дезинфекциялау сияқты барлық қауіпсіздік шарасын сақтап, салымшылар 9 айда 1 миллионға жуық қызмет алды.

Қаламыздың аяқарына көрік беретін тұрғын үйлерді заманауи қалыңа келтіру қашанда маңызды. Жылда орталық көшеде орналасқан көп қабатты үйлердің сыртқы жақ бөлігін ғана сырпап көзбояушылыққа салатынымыз бар. Мұндай опқылықтың алдын алуда үйді күрделі жөндеуден өткізу тиімді. Бірақ тұрғындардың көпшілігі тұрғын үйді жаңғыртудан өткізуге көңіс бермейді. Мұның себебі де көп. Біріншіден, тұрғындар тозығы жеткен үйді қанша жөндегенмен, 2-3 жылда бәз-баяғы қалпына түсетінін алға тартады. Одан қалды, жөндеуге кеткен қаражатты 7 жыл мен 15 жыл аралығында өтеу қажет. Жөндеу жұмысын жүргізген құрылыс мекемелерінің кепілді мерзімі – 2 жыл. Бұл – 15 жыл төлейтін берешек үшін аз мерзім.

Жалпы өңірдегі жаңғырту жұмысы елдегі төтенше жағдайға қарамастан белсенді жүргізілді. Десе де тұрғындардың көпшілігі жаңғырту жұмысының сапасына көңілді толмайды. Осы тұста күрделі жөндеу жұмысын кімдер бақылайды, тұрғындарға қандай талап қойылады осы тақырғы төңірегінде талпыласақ.

Қаладағы тозығы жеткен үйлер қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар келігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы қызметкерлері назарында. Жаңа жыл басталысымен қызметкерлер тіам бойынша көп қабатты үйлерді аралап, тұрғындардың өзін тындайды. Күрделі жөндеу қажет деп тапқан үй иелерінің өтінішін ескеріп, республикалық бюджеттен сұраныс береді.



Біржан Далабаев, қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар келігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы

– Қала әкімінің басты тапсырмасы – сапаға мән беру. Әрі жұмысты уақыттығы жүргізу. Тұрғын үйді күрделі жөндеуден өткізуді мердігер мекемелер беріп, тапсырманы сапалы орындауға. Тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру мақсатында көп мекеме жоба құрастында қаралаған жұмысты жауапкершілігіне алған. Мәселен, көпқабатты тұрғын үй аяласына орындық орнатып, ауланы қоршау жұмысын жүргізуде. Сондай-ақ көшедегі бағдарламаның міндеті – жылумен, электрмен, сумен қамтамасыз етуші үйлерді жаңғырту. Сонымен бірге жөндеу жұмысы сыртқы қабаттан өрлеу, сырпау, шатыр жабынын жөндеу, подвезді іші жұмыстары, пластик терезелер, домкранды өсіктер орнату сынды жұмысты қамтиды. – дейді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар келігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Біржан Далабаев.

Жауапты мекеме басшысының сөзіне сенсек, бәрі жақсы. Мердігер компаниялар талап үдесінен шығып отыр дейді. Ал тұрғындар не дейді?

– Үйіміз 2018 жылы күрделі жөндеуден өткен болатын. Қазір тұрғын үйдің сыртқы келбеті ғана көз тартады. Ал пәтерде туру мүмкін емес. Жазда терезе аша алмаймыз. Айнада толған масса. Терезе ашылғанын өзінде масалар әжетхана мен ваннаға қарз жүйесі арқылы кіреді. Егер жөртөледі су болмаса, масса болмайды ғой. Соған қарағанда жөндеу жұмысы сапасыз жүргізілген. Ал қыста жылу қанжылы ғана беріледі. Қайда барып шағындарымды білмеймін. Оның үстіне айына 8 мыңнан 10 жылға дей жөндеу жұмысының ақшасын төлеуге міндеттіміз. Жасалған жаңғырту жұмысы сапалы болса, мұндай қаржы төлеуге қаржы емеспіз. Бірақ жаңғырту жұмысы көпшілімізден шықпайды, – дейді Абай даңғылындағы 51-ші үйдің тұрғыны Меруерт Қуанышбекова.


– Бағдарламаны тұрғындар үшін тиімді тусы – жөндеу жұмысын жүргізетін мердігер мекемені өзіміз таңдаймыз. Күрделі жөндеу жүргізу үшін тұрғындардың кемінде 70%-ы келісу қажет. Мекеме жұмысын өзіміз бақылап, қадағалайды. Жөндеу жұмысына қатысты тұрғындардың сын-ескертпесін уақытында мердігерге жеткізіп, түзету енгізді. 1976 жылы салынған ескі үйдің аяқары кіріп, тұрғындар ризашылығын білдірді, – дейді Ә.Бөкейханов көшесі 62 үйдің тұрғыны Газиза Омарова.

– Модернизацияны ұзақ күттік. Үйіміз 1964 жылы салынған. Содан бері дұрыс жөндеу көрмеді. Шатырымыздан су ағып, жылу құбырлары мен қарз жүйесі өте нашар жағдайда болған. Бүгінде жүргізілген жаңғырту жұмысына көңіліміз толады. Біраз жылға дейін уайымсыз отырамыз деп сенімді тұра айта аламыз, – дейді қала тұрғыны Алмағөзет Әлімов.

Абай даңғылының бойында орналасқан көп қабатты үйдің тұрғынымыз. Үйіміз 1976 жылы салынған. Бүгінде үйдің жөртөсі суға толып тұр. Жылу маусымы басталғанда ПИК қызметкерлері астына түсіп үйдің ауасын шығаруы қажет. Мамандар лас суды көшіп, тұрғындар өтінішін орындайды. Оларды да аяқсыз. Үйдің мұндай халге түсуіне тұрғындар кімнің екеніне көзім жетті. Жаңғыртудан өткізу үшін сала мамандарымен бірге пәтерлерді аралап, келісім жинай алмай жүргеніме 4 жылдай уақыт болды. Үй орталықта орналасқан соң пәтер иелерінің көпшілігі қайта берген. Уақытша жалға алғандар пәтер иесіне жаңғырту жұмысы жүргізілген хабарлағысы келмейді. Өйткені пәтер ақысына қаса, жөндеу жұмысына ақша төлеу қажет болады. Ал айтқаның өзінде кей кісілер өзі

Сол жағалаудағы үйлерді қоса алғанда шаһарымызда 815 көп қабатты тұрғын үй бар. Оның 426-сы күрделі жөндеуді қажет етеді. Осы мақсатта Үкімет «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011-2020 жылдарға арналған» бағдарламасын қолға алды.

Аталған бағдарлама аясында осы уақытқа дейін қалсадағы 134 көп пәтерлі тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмысы жүргізілсе, қазір 32 көпқабатты тұрғын үй күрделі жөндеуден өтуде. Осы бағыттағы жұмыстарды жүйелеу мақсатында тағы да 26 үйді жаңғыртуға бюджеттік өтінім ұсынылған.



ҮЙ, БІР ЛЕСТІК, ЕСЕПШОТ

тұрмағандықтан жауапсыздық танытады, – дейді 47 үйдің тұрғыны Нұрғазы Жұмаев.

– «Универсам» ықша ауданындағы үйлердің барлығы ескі. Аулаға кіргеннің өзінде жөртөледен жағымсыз иіс шығатын. Сондықтан көршілерімізбен ақылдасып, тұрғын үйді жаңғыртудан өткізетін шешімге көлдік. Құзырлы орган тарапынан қолдау тапқанына да қатты қуандық. Бастапқы жылдары еш кемшілік байқалмаған. Қазір тұрғын үйді іші де, сырты да сыр беріп тұр. Тиісті мекемеге шағымдасақ та нәтиже жоқ. Біз орналасқан ауданда судың мөлшері жоғары, яғни ыза дейді мамандар. Сондықтан сылақтың түсуі қалыпты деп қайтарды. Тағы бір айтатын мәселе, жаңғыртудан өткен үйді сату мүмкіндігі төмен. Көрініс жуырда үйін сатпақ болып еді. Сатып алушы тозығы жеткен жөндеу жұмысының ақшасын төлемеймін. Үйді сатыңыз келсе, толыққанды шығынды өтеуіңіз қажет деп талап қойды. Сондықтан бұл мәселені де ескерген жөн, – дейді Х.Бектурғанов көшесіндегі 15 үйдің тұрғыны Ботагөз Әлімова.

Байқағаныңыздай, тұрғындардың пікірі екіге жарылып тұр. Көпшілігі жаңғыртудан өткен үйден кемшілік байқаса да, қайда шағымданырғын білмейді. Шағынданығын өзінде кепілді мерзім яғни 2 жыл өткен соң қанан тиісті мекеме жауап бермейді де. Бұл тұста жауапкершілік ПИК-ке (пәтер иелерінің кооперативі) жүктеледі. Ал қаламыздағы ПИК мекемелерінің қалай жұмыс істейтіні бәсеңсіден белгілі. Ал олардың жұмысын бақылауға қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар келігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің қауқары жетпейді.



Ержан Асқарұлы, Қызылорда қаласы әкімдігінің “Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар келігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы” КММ-нің бас маманы

– КР Үкіметінің «2020-2022 жылдарға арналған қондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жұмысын жүргізуге бюджеттік бюджетте, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың бюджетіне кредит беру бағдарламасы» аясында 2020 жылы Қызылорда қаласында орналасқан 32 көпқабатты тұрғын үйге сметалық құны 2 млрд теңгеден көбірек жөндеу жүргізу жоспарына сәйкес тұрғындар таңдауы тарапынан мердігер мекеме анықталып, құрылыс-монтаж жұмысы жасалады. Бағдарламаның талабына сәйкес ең алдымен тұрғындардың 3/2 бөлігін келісімі, яғни 70% қолы қойылған құжаттары жинақталып, жоба-сметалық құжатты әзірленеді. Бұл ЖСҚ әзірленгеннен кейін облыстық немесе республикалық бюджеттік бағдарламаға ұсынылып, қолдау тапқаннан кейін тұрғындар тарапынан құрылыс-монтаж жұмысын жасауға мердігер мекемелер таңдалады. Сонымен қатар тұрғындар арасынан белсенді топ мүшелері сайланады. Сайланған белсенді топ жасалып жатқан жұмыстың барысын қадағалайды, тұрғындар арасында туындаған сын-ескертпелері мердігерге жеткізіп, орыдалған жұмыстың қабылдау актісіне қол қояды.

Кепілдік мерзімі – 2 жыл, – деді Қызылорда қаласы әкімдігінің “Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар келігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы” КММ-нің бас маманы Ержан Асқарұлы.

Жауапты мамандар күрделі жөндеу жұмысын тұрғындар өздері бақылағандықтан, жауапкершілік тұрғындарға жүктелетінін айтады. Осы тұста көпқабатты үйдің әрбір тұрғыны жөндеу жұмысын бақыласа, мұндай опқылық болмас па еді деген ой келеді.



Ғани Ахметов, «Раяна» ЖШС директоры

– Әр үйге жөндеу жұмысын сапалы атқаруға барымызды саламыз. 4 подвезді үйді жөндеуге 50-55 млн қаражат кетеді. Ең бірінші жөртөледен бастаймыз. Жылу жүйесі, ауысу құбыры, электр желілері бәрі қайтадан жаңғыртылады. Ескі үй болғандықтан әр пәтердегі жылу жүйесіне тұрақтандыратын элеватор орнатамыз. Ал подвездіде ескі сылақты түсіріп, екі қабатты сылақ жүргіземіз. Шатыры толық жаңартылады. Ал сыртқы көрбетін қалықтың талғамына қарай өрлейміз. Жөндеу жұмысы аяқталған соң, шарт бойынша 2 жылда орын алған опқылықтың орын толтырамыз. Шатырға кепілдік мерзімі – 3 жыл, – дейді «Раяна» ЖШС директоры Ғани Ахметов.

Осыдан 2 жыл бұрын Павлодар қаласына жол жүрдім. Қала тазалығын себеп жеткізу мүмкін емес. Қалада бой көтерген жаңа көпқабатты үйлер саусақпен санарлықтай екен. Дегенмен 1978 жылы салынған көптеген көп көпқабатты үйден айырмашылығы сал-ақ. Біздіңдегі иіс те шықпайды. Одан қалды көпқабатты тұрғын үй подвезді таң аша хісті сумен көптіріп жуанын көргенде таң қалдым. Туысымынан мен-жайды сұрағанда «Мұнда тазалыққа бейім орыстар көп. ҚСҚ дұрыс жұмыс істемесе, жаға жыртысуға барады. Сондықтан әр тұрғын үйге жауапты мекеме жауапкершілікті сезінеді» дейді.

Айырмағандығы көп қабатты үйлердің қазіргіді халге түсінуе қажеттілік деген тұрғындардың сапғыртқы мен жауапты мекеме қызметкерлерінің опқылығынан деуге болады. Өйткені әр тұрғын ПИК қызметіне жұмыс істесе де, істемесе де тұрғын үйдің шаршы метріне қарай, төлем жасайды. Бұл төлем әр тұрғынның ақшасын соң, құзырлы мекеме жауапты болады. Ал жауапты мекеме қызметкерлері аула сыпырғаннан әрі аспайды. Сондықтан бүгінге дейін ПИК мекемесі тарапына көптеген шағым түскен. Осы сын ескертпелердің артуына байланысты биыл Мәжіліс депутаттары 20 жылдай жұмыс істеген ПИК жұмысын тоқтату туралы шешімге келді. Оның орнына «Бір үй, бір бірлестік, бір өспешот» деген жаңа жүйені енгізбек. Егер өк көпқабатты үй тұрғыны қаржысын өздері басқарады. Яғни көрсетілетін қызметтер мен оның тарифтерін тұрғындарға күштеп төлетпейді, әр қаражаттың ашық жұмалуы қамтамасыз етіледі. Бұл жаңа жүйе «қондоминиум» деп аталады. Оның ПИК-тен қандай айырмашылығы бар екеніне тоқталсақ,

Тұрғын үй қатынастары туралы» заңына сәйкес «қондоминиум» объектісін басқару формасына көпқабатты үй тұрғындары

міндетті түрде 2021 жылдың 7 қаңтарына дейін басқару формасын таңдап, тұрғындар өз жауапкершілігіне алып, иесі үйлер санатына өтпейне жол бермеу қажет. Пәтер иелері кооперативінен (ПИК) қандай айырмашылығы бар? Мысалы, пәтерлеріміз жеке меншікке болса да, ортақ көптелері үйімізді ұстап тұру шығынын ПИК арқылы бақылаймыз. Тұрғындар көбінесе ортақ мүлкікті сатқу шығынын қашады, ал бұл біртіндеп ғимаратты апаттық жағдайға әкелуі мүмкін. Тұрғындар дайындықты қалай бастау керек. Тұрғындардың ММББ-не тіркеу үшін жалға алушылар төрағаны таңдап, қондоминиумды тіркейді. Төраға тұрғындар арасынан сайланады. Қысқаша айтқанда, ол үйдің ағасы болады. Осыан төраға басқарушы немесе басқарушы компаниямен келісім жасасуы тиіс. Бұл құқықты оған тұрғындар береді. Ол сондай-ақ үйге ағымдағы және жинақ шотын ашады және қондоминиумдық қызметтермен келісім жасайды. Төрағаға тұрғындар төлейді. Бұдан басқа, басқарушы немесе компанияның басқарушысының көрсеткен қызметіне сантехникалық, электрлік, тазартқыш және басқа да қызмет үшін қаражат қажет. Алайда тұрғындар төрағаны тағайындамай-ақ, тікелей басқарушы таңдап, артық шығын шығармауына да болады.



Нұрсұлтан Шахметұлы, «Қазақлықтың атамекені» қоғамдық қорының заңгері

– Көп жағдайда тұрғындар тұрғын үй кооперативі (ПИК) пен қондоминиум арасында айырмашылық жоқ деп есептейді. Айырмашылық бар. Біріншіден, ПИК-тер ұжымдық өзін-өзі басқару формасы болса, ал қондоминиум ұжымдық жекеменшік форма. КР «Тұрғын үй қатынастары» заңында қондоминиум жылжымайтын мүлік келігін өрешке түрі деп көрсетілген. Тұрғындардың осы уақыт аралығында пәтер иелерінің кооперативтеріне төлеген ақшасына тиісті сервистік қызмет көрсетілмеген. Алдағы уақытта тұрғындар сервистік қызметті сапалы алуына өздері жауапты болады. Яғни жылжымайтын мүлкің (кәпәлдері үйдің) пәтерлері пәтер қожайындарының иелігінде болса, басқа бөліктері (шатыр, лифт, қіреберіс, ортақ инженерлік-коммуникациялық (су, жылу) жүйелері т.б.) басқа қожайындарға тиесілі болуы мүмкін. Бірақ жылжымайтын мүлік ортақ басқаруда болады. Басқаруды кім жүргізетіні қондоминиум мүшелерінің жалпы жиналысы шешеді. Айтпақшы заңға сәйкес қондоминиум әділет органдарында тіркелуі тиіс. Атап айтқанда, «Тұрғын үй қатынастары туралы» КР заңына сәйкес қондоминиум объектісін құру ұстауға тұрғындар жауапты, – дейді «Қазақлықтың атамекені» қоғамдық қорының заңгері Нұрсұлтан Шахметұлы.

Қаламыздағы тозығы жеткен үйлердің артуы ПИК қызметкерлерінің дұрыс жұмыс істемейтін деңгей тұрғындар. Енді қана жүйе бойынша тұрғындар көп қабатты тұрғын үйді тазалығына өздері жауапты болады. Осылайша бірнеше жылдан бері шешім таппай келген мәселеге нүкте қойылды.

– Жаңадан бой көтерген «Астана» мөлтек ауданында ПИК қызметкерлері жұмыс жасайды. Қазір бұл аудандағы үйлердің пайдалануға берілгеніне 10 жылға жуықтады. Бірақ кенес орын кезінде салынған үйлерден айырмасыз шамалы. Тұрғындар да ортақ мүлікке жаңашылық танытады. ПИК-ке ақшаны не үшін төлейміз, істесін солар деп санасады. Бір көпқабатты тұрғын үйді кемі 40 пәтер бар делік, әр пәтер иесі ПИК-ке айына 795 теңгеден аударлады. Есептеп қарасақ, әр көпқабатты тұрғын үйдің 31800 теңге қаржы түседі екен. Осы қаржының барлығы қайда кететінін түсінбедік. Сондықтан қондоминиум жүйесі тиімді, – дейді «Астана» мөлтек ауданындағы 6-ыңшы үйдің тұрғыны Нұрлан Әбуов.

Енді әр көпқабатты үй иелері жаңа жылдан бастап, қондоминиум немесе бұрынғы ПИК қарамағында қалға не болмаса өз басқару органын құруға немесе атқарушы директор тағайындауға құқылы және қондоминиум атқарушы органы банктен өз есепшотын ашуы тиіс. Осы есеп-шот арқылы қондоминиум мүшелері тұрғын үйдің ортақ мүлкін ұстап тұра, жөндеу жұмысын жүргізуге керекті қаражатты, жарналардың есебін, кіріс-шығысты бақылайды. Осы уақытта дейін ПИК-не төленетін ақы қайда кеткенін білмейтін халықтың өз қаражаты өзінде болады. Қорға айтқанда, көптелері тұрғын үй қондоминиумын бір белгі болға отырып, өзін-өзі басқару құқығына ие. Кіріс-шығысын, жөндеу жұмыстарын жүргізуге коммуналдық мекемелермен, банктен тікелей қатынаста болады.

Өңіріміздің басы жаңғырту жұмысынан бастапты, тұрғындармен тілдесу барысында мәселені менің әрде қатқанып отыр. Шаһарымызда көп қабатты үйлердің көрікіз қүйге түсуі азаматтық әр мен жауапкершілікті екенін ұқтық. Жаңғыртудан өткен үйлердің мәселесін шай шаммен қарау әр тұрғынның еркі. Айтпай қана қойып, жауапты мекемені жұмыс істетуге жүгірмейтін әдетімізден екен. Енді әр тұрғын ортақ мүлікке өз мұнәдей қараса, тұрғын үйге жауапты мекеме қызметіне адалдық танытса, мұндай мәселе орын алмас еді. Осы уақытта қайда бір-біріне қол сілтеген екі тараптың иі таразыға түседі. Тұрғындар ортақ мүлікке өзіміз қараймыз десе еркі. Ал ПИК қызметкерлері тұрғындар біздің қызметке жүнісін десе, тыңғалысты жұмыс істегуе барын салады деген ойдамыз.



АРМАНЫҢ “АРМАНЫ” ОРЫНДАМА МА?

Жекпе-жек шеберлерінің басын қосатын UFC ұйымына тағы бір қазақстандық спортшы бағын сынауы мүмкін. Көпшілікке «Сұңқар» лақап атымен танылған аралас жекпе-жектің шебері, Arlan MMA Pro командасының өкілі, қазақстандық файтер Арман Оспанов АҚШ-қа аттанды. Спортшы қазір Лас-Вегас қаласында жүр.

Әлемдегі беделді ұйымдардың бірі саналатын UFC-дің штаб-пәтері дәл осы қалада орналасқандықтан Арманның онда баруы жанкүйерлер мен спорт мамандарының біраз тақысына түсті. Бұдан әрітерек «осы жылдың көктемінен бастап Оспанов UFC-мен келісімшартқа отырды» деген сыбыстар да тараған. Болжам шыңдыққа айналатын секілді.

Жалпы Арманның спорт әлеміндегі көсіпкі мансабын Ризван Магомедов пен MMA-дегі ең танымал менеджер Али Абдель-Азиз жауап береді. Білікті, тәжірибелі мамандардың араласуымен жақын арада UFC-мен келісімшарт мәселесі шешіледі, Арман атақты Jackson Wink MMA Academy залы орналасқан Альбукерке (Нью-Мексико штаты) барады. Оспанов бұған дейін де бірнеше рет Грег Джексон және

Майк Винчелхонның жетекшілігімен жаттығу жасаған. Спортшының өзі де журналистерге берген сұхбатында Альбукерке жаттығу үшін ыңғайлы жер екенін бір емес бірнеше рет айтқан еді. Мақсатын жүзеге асыру үшін шет ел асқан Арманның жыл соңына дейін дебюттік кездесу өткізуді жоспарлап отырғаны белгілі болды.

— Америкаға кетудегі негізгі мақсатым — әлемге әйгілі UFC тұжырымында атой салу. Аталған ұйыммен келісімшарт жасасым, сол жақта жаттығым, жылдың соңына дейін дебюттік кездесу өткізуді жоспарладым, 2020 жыл адамзат баласы үшін оңай жыл болған жоқ. Спорт әлемінде де көптеген маңызды кездесулер, айтулы жарыстар кейінге шегерілді, тіпті кейбірінң өтпейтін хабарланды. Біздің спортшылар

да біраз қиындықтармен күресті. Жылды жақсы қорытындылап, жанкүйерлерімді қуаныт, елдің мерейін үстем етім келеді, — дейді Арман Оспанов.

Арман Оспанов таяуда MMA TIKKA YouTube арнасына берген сұхбатында UFC-де кіндермен кездескі келетінін айтып, келешектегі қарсыластары туралы бір ауыз пікір білдірді.

— Энтони Петтиспен жекпе-жек өткізгім келеді. Оның соңғысы жойқын әрі техникасы мықты. Яир Родригеспен де кездесу ойда бар. Яирмен Америкада спарринг шыққан болатыным. Оты мықты спортшы. Хосе Андресмен де UFC-де жолымыз түйсесіз керемет болар еді. Ол үшін мен өзімді арқашан жоғары деңгейде, жақсы қырымын көрсетуге тиіспін, — дейді спортшы.

Ауыр атлетиканың бір жұлдызы сөнді. Болгария, Түркия және Қазақстанның құрметті бапкері Энвер Түркілеридің дөм тұзы таусылды. Атақты бапкердің қазасы күллі өлемге ауыр тиді. Зілтемір спорттың дамуына ерекше үлес қосып, орасан зор биікке көтерген айтулы бапкер ұзақ жылдар бойы біздің елде де өңбек етіп, ұлттық құрамада кеңесші-бапкер қызметін атқарды. Шынтауытына көлсек, қазақстандық зілтемірлердің әлемдегі көшбасшы командалар қатарына қосылуы дәл осы майталман маманның арқасы екенін мойындауға тиіспіз. Оны өшкім жоққа шығара алмайды.

ТАУ ТОЛАҒАЙЛАРДЫ ТҮЛЕТКЕН ТҮРКІЛЕРІ



КҮРЕС: ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫ АЛАТАУДА ӨТЕДІ



Республикалық күрес федерациясы биылғы ел чемпионаты 19-26 қараша аралығында Алматыдағы «Достық» спорт көшенінде өтетінін ресми түрде растады.

Әлемдік жалаған пандемия дертіне байланысты бұл жолы та көрерменсіз өтеді. Қатысушы командалар әр мүшесінің міндетті түрде ПТР сынағының теріс нәтижелі туралы анықтамасы болуға тиіс. Чемпионат еліміздегі корона-вирус инфекциясының пайда болуы мен таралуының алдын алу жөніндегі ведомстварлық комиссия отырысының хаттамасындағы барлық санитарлық талаптарға сәйкес және UWW бекіткен ережеге сәйкес өткізіледі. Грек-рим және еркін күрес шеберлеріне бір кило артық салмақ рұқсат етіледі. Билдер күресі өкілдеріне ондай жеңілдік берілмейді.

Сонымен қатар төрешісі жоқ өңірлердің командалары чемпионаттан шеттетіледі. Міне, ел біріншілігіне қатысушыларға осындай талаптар қойылып отыр.

Тарихқа жүгінесек, үш дүркін Олимпиада чемпионы атану бағыты небәрі төрт зілтеміршіге ғана бұйырған екен. Бұл биік белес түркиялық Наим Сүлейманоглы мен Халил Мутлу және грекиялық Кахи Кахашвили мен Димас Пирроска бағында. Алғашқы екеуі дәл осы Энвер Түркілердің шәкірті. Міне, осы жайттың өзі-ақ айтулы азаматтың қандай майталман маман және үздік бапкер болғанын аңғартып тұр.

Энвер Түркілері 1942 жылы Болгарияның Кыржалы өңірінде дүниеге келді. Бұл ауымның 90 пайызын түріктер мекендейтін. Түркілеридей білікті бапкер мен Сүлейманоглыдай дарынды жас сол жақта табысты. Екеуі де сол өңірдің тумалары. Бұл 1977 жыл еді. 10 жастан енді ғана асқан баланың бойындағы бұл күшті бірден байқаған қырағы маман оны жақсылатпай тұрып баптады. Көп кешікпей Наим өлеулі табыстарға қол жеткізе бастады. Жасөспірімдер мен жастар арасындағы жарыстарда жасындай жарқындап, ересектер дуына да еркін қосылды. 1983 жылы алғаш рет әлем чемпионатына қатысқан 16 жастағы бозбала Мәскеуде күміс медальді мойнына іліп, төрткүл дүние жанкүйерлерін бір тамсандырып тастады. Міне, Сүлейманоглының үлкен спортшыға жеңісті жолы осылай басталды. Сол мезетте бапкерінің де даңқы алысқа тарады.

Сексенінші жылдардың бел ортасында Болгария билігі жергілікті түріктерге қатты қысым көрсете бастады. Өзге орасандықтарын айтағанда, көптеген азаматты азан шақырып қойған атын өзгертуге мәжбүрледі. Сол тұста Энвер — Ануар Тулумов, Наим — Наум Шаламанов болып шыға келеді. Жүрегі «Түрік» деп соққан азаматтардың дені ондай қорлыққа көнбеді. 1986 жылдың соңында Сүлейманоглы Түркияға қашты. Сол үшін бапкері бірнеше айға түрмеге тоғытылды. Арада үш жылдай уақыт өткеннен кейін Түркілері де тарихи отанына оралуға мүмкіндік алды. Осылайша, білікті бапкер мен дарынды шәкірттің жолы Анадолы еліне қайта тоғысты.

Наимның бойы небары 147 сантиметр болса, салмағы 60-65 келі шамасында еді. Соған қарамастан, ол төрткүл дүниедегі төңдесісі ортауға мүмкіндік алды. Осылайша, білікті бапкер мен дарынды шәкірттің жолы Анадолы еліне қайта тоғысты.

Наимның бойы небары 147 сантиметр болса, салмағы 60-65 келі шамасында еді. Соған қарамастан, ол төрткүл дүниедегі төңдесісі ортауға мүмкіндік алды. Осылайша, білікті бапкер мен дарынды шәкірттің жолы Анадолы еліне қайта тоғысты.

Халил 1996 жылы Атланта, 2000 жылы Сидней және 2004 жылы Афина Олимпиадаларында алдына жан салмады. Әлем чемпионатын бес және Еуропа біріншілігін тоғыз мәрте ұтты. Сан рет рекордтық көрсеткіштерді жаңартты. Спорттық шежіренің сарғайған беттерін парақтасақ, серпе көтеру жаттығуы бойынша өз салмағынан үш есе ауыр зілтемірді еңсере алатын жер бетінде алты ауыр атлет қана болған екен. Солардың санатында Наим Сүлейманоглы мен Халил Мутлу да бар.

Жаңа ғасыр табалдырықтан аттаған тұста Қазақстанның ауыр атлетикасы қатты асқап тұрды. Даңқты Анатолий Храпатыч үлкен спорттан қол үзгеннен кейін оның жеңісті жолын жалғастыруға күш-қуаты, ерік-жігері жететін саналқ біразға дейін табылмады. 2004 жылы Афина Олимпиадасында Сергей Филимонов тамаша өнер көрсетіп, күміс медальді иеленген есімде. Шешуші тұста жергілікті Энвер Түркілері аттаған 19 жастағы жас жолбарыс Танер Сағырға есе жіберді. Сол кезден бастап, қазақстандық мамандар түркиялық бапкердің көмегіне жүгінуді құл көрді. Ұзақ жылдар бойы республика Ауыр атлетика федерациясын басқарған Қайрат Тұрлыханов өзінің бір сұхбатында осы оқиға жайында былай деген еді: «Олимпиаданың Афинадағы табысына қатты қуанығымыз бар. Бірақ бұл нәтижені қанағат тұтуды қысымсыз көрдік. Осылай кесіп айтуға бірнеше себеп бар. Біріншіден, Қазақстанда жеңіспен өрілген жақсы дәстүр бұрын да болған. Екіншіден, бізде талантты жастар жетерлік. Үшіншіден, республикамызда спортты өркендету үшін мемлекет тарапынан барынша қолайлы жағдай жасалған. Ал олай болса, тартынатын несі бар? Мемлекет басшысының өзі қамқорлық көрсетіп отырса, біздің жалғыз ғана жүздеген міне тұтып, қол қусырып отырғанымыз жән б? Осының барлығын қалғарға алып, алдымызға биік мақсат қойдық. Ал Афина Олимпиадасы аяқталатын күні сол кездегі еліміздің спорт басшысын Дәулет Тұрлыханов Энвер Түркілерімен көпсөз жүргізді. Талай жылдардағы тербелген бапкерді Қазақстанға шақыртып, Алағашында ол кісі біраз уақыт ойлаңп-толғаңп жүрді. Біздің елге бір-екі мәрте келіп, дарынды жастардың көптігі мен спортты дамытуға барлық жағдай жасалғанына көз жеткізгеннен кейін ғана өз келісімін берді».

Энвер Түркілері Қазақстанға келген кезден бастап, отандық ауыр атлетикада өрлеу кезеңі басталды. Алдымен асқан талант иесі Илья Ильиннің бағын ашты. 17 жасында ол өлем чемпионы атанса, 20 жасында Олимпиаданы ұтты. Бірте-бірте басқа да сайыпқырандар алысқа самғады. Ұлдармен қоса, қыздар да қарқынды күрт қуытты. Әлем чемпионаты мен Олимпиада ойындарында түрлі-түсті жұлділерді күреп алып, жер-жаңадан озық командалардың қатарына қосылды. Басқа да халықаралық және құрлықтық деңгейдегі додаларда дараландық. Өр жыл сайын су жаңа чемпиондар бірінен кейін бірін шығып жатты. Байрақты бәсекелерде мүйіздері қарағайдай мемлекеттердің талапы артымыздан сығалап қалды.

Міне, Энвер Түркілеридің тұсында Қазақстанның ауыр атлеттілері осындай орасан зор биікке жетті. Өзі жиі сырақтанып, балдаққа сүйеніп жүрген кезінің өзінде де үнемі жаттығу залынан табылатын. Үнемі ізденіс үстінде еді. Ғылым мен спортты ұштастыру білген маман қас жастары арасында да небір дүлдүл спортшыларды шығарды. Алмас Өтеушов, Қуаныш Рахатов, Анна Нұрмұхамбетова, Жасұлан Қдырбаев, Жазира Жаппарқұл, Рүстем Сыйбай және тағы басқа отандастарымыз аса ірі халықаралық жарыстарда жасын жырқылағанына сан миллион жанкүйер куә. Олар да әлемдік ауыр атлетика тарихында шпесіз із қалдырды. Міне, сол абыз асқақал 79 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

АЛАДОПТА ДОПИНГ ДАУЫ



Еліміздің ең талантты футболшысы Бауыржан Исламханнның басына қара бұлт үйірілді. Қазақстан құрамасы мен «Аль-Айн» командасының жартылай қорғаушысы Бауыржан допингке қарсы ережені бұзғаны үшін ресми матчтардан дисквалификацияланды. Ол енді алдағы ұлттық құраманың кездесулеріне қатыса алмайды. Бұл апаратын Қазақстан футбол федерациясы мәлімдеді.

«Қазақстан құрамасының капитаны Бауыржан Исламхан Черногория, Албания және Литва құрамаларына қарсы кездесуе көмекке келе алмайды. Азия Чемпионд Лигасының ойынынан кейін футболшының тасыған допинг сынағында тыйым салынған препарат табылған. Ол уақытша ресми ойындарға қатыспайды» — деген ҚФФ ресми сайтында.

СЫР САҢЛАҚТАРЫ БЫҚТІ БАҒЫНДЫРДЫ

Әлемдік ахуалға байланысты ел спорттың енесі биіктей алмай тұр. Жошарланған жарыстар кейінге қалса, спортшылар сүйікті спорттыңан тыс қалды. Тізім тағандан жардай қалыпқа түспесе де, саңлақтар жаттығуға қайта бет алды. Министріліктің тапсырмасына сәйкес спорттық сайыстар онлайн форматқа көшті. Соның бірі 20 және 23 жасқа дейінгі жастар арасында ауыр атлетикадан Қазақстан Республикасының чемпионаты. Техниканың дамыған заманында мұндай формат қолайлы болып тұр. «ZOOM» бағдарламасы бойынша ербеген жарыстар Алматы, Шымкент қалаларынан және он екі облыстан 469 спортшы 20 салмақ дәрежесінде шеберлік байқасты.

Жарис нәтижесінде облыс спортшылары екі жас ерекшелігі бойынша барлығы 7 алтын, 9 күміс, 4 қола медаль иеленіп, жалпыкомандалық есепте екінші орынды иеленді.

Жекейлі есепте 59 келі салмақта Аяжан Нұржан (71+87=158), 81 келіде Есенгелді Сегі (130+176=306) мен Динара Қыпшақбай (79+102=181) және 89 келіде Арыстанбек Жаханша (146+185=331) Қазақстан жеңімпазы атанды.

55 келіде Мақсат Қуантхан, 61 келіде Дінмұхаммед Данышпан, 64 келіде Нұрай Құрманбай, 89 келіде Нұрдаулет Қалдыбек, 102 келіде Бағдаулет Камал серпе және жүлде көтеру жаттығулары бойынша күміс жүлдеге ие болды.

49 келіде Тәңісқан Қаюлова, 61 келіде Ерассыл Ергенбай және 109 келіде Әлішер Оразбеков қола жүлде буйырды.

Енді Перуде жаттығулар арасында өтетін онлайн өлем қубогіне Қазақстанның намысын төрт спортшымыз қорғайды. Атап айтсақ Азамат Төлеген (61 келі), Мейрамбек Әбдіхалық (73 келі), Айсамал Сансызбаева (+81 келі) және Рахат Бекболат (96 келі).



БОРАТТЫҢ БАСЫ



Қазіргі өлгенге заманда, дін-мұсылман аманда. Ұлыбритания деген елде, Лондон деген жерінде, сөрелік тастаған кәмпілеттей тырық ерні жырық, желкесі құйға, шашы бұйра, ерні еліп қалған кесіртке, езі бір се кіріп жүрген шегіртке, сиректары көуіп қалған бұтақтай, мы қүрттап кеткен ұнтақтай, лақап аты – Борат деген, біздің елді мазактап, есектің мыны жеген, шын аты – Қосан Сауа, сүйікті асы – манная каша... өмір сүріпті.

Бір күні Намыс патша уәзірлерін шақырып алды: – Борат деген біреу осыдан біраз бұрын елімізді мазактайтын фильм түсіріп, өлемге масқарамызды шығарған еді. Енді елтігенін жатып алып, есектей ақырып алып, «Борат-2» деген мазак фильм түсіріпті. Оның жарнамасына өзінің тырмаланша ескерткішін тұрғызып, жандасқандарына көк тұмызды қорлатып, тататып, жалаңаш ескерткішке жауып қойыпты. Намыстарың бар шығар, дереу, оның басын шауып әкеліңдер, жерге кіріп кетсе де, іздеп, тауып әкеліңдер! – деп бұйырды.

– Ләббай, тақсыр, бұйрығыңыз Қазақстан қылмыстық кодексінің «Ар-намыс» бабының 00 бабына орындалады! – деді бас уәзір.

– Басын қағып алыңдар, шашын қырып тастап, пісте май жағып алыңдар! Бас уәзір екі шлюн уәзірін ертіп алып, қолында найза, белінде қайық қылышпен Ұлыбританияға аттанды. Бұл кезде елімізде пандемия жұрп жатқандықтан, Ұлыбританияға ұшақтар ұшпайтын еді. Олар жолай ертегілер елініпде таусоғар екі кәлтәусарады ертіп алды. Тіпті, зұлымдықтан жарысы мыстан кемпір де қосыла кетті. Оны айтқыз, «Қосымша» Бекжан Батыр мен Төлеген де сондарынан ілесті. Олар Лондонның «Сасықтар» кафеіне кіріп келгенде, Борат басын қасып, бір сұлу бикештің қос анарынан иіскен отырған. Бас уәзір:

– Кіто по имени Борат? – деп сұрады ағылшын тілін білмегендіктен.

– Кешіріңіз, мен гой, – деді Борат қыздан тесінен басын қылып алып.

– Айтпа бұйрығыңыз, сіздің басыңыз керек еді, – деді Төлеген батыр.

– Қалай сонда? – Патшамыз басыңызды керек етіп жатыр.

Бораттың бұтынан фонтан атқылады. Жіберіп қойды. Онынан қалтырап тұрып:

– Сонда менің басымды шауып алмақшысыздар ма? Погибция! – деп айқай салды.

Бас атты полиция жүріп келіп еді, Бекжан садымен бірін мұрттай ұшырды. Екіншісі Төлеген таспен бір ұрып құлатты. Үшіншісі мыстан кемпір желкесінен тістеп жылатты. Борат кафеден тұра қашты. Олар қуып көп берсін. Бір жерлерге келгенде, Бораттың артында тұрған саясат сайқалдары шыққан еді, уралап, таусоғар екі тауды жұлып алып, оларға қарай атты тұралап. Одан да құтылған Бораттың бойында шың-шың терлер, шашы жалбырап, бір қалың сүңгілі де кетті. Балық сияқты көрініс қалды. Бас уәзір кәлтәусарады қарады. Кәлтәусыр келді бір рет қана ұрттап еді, біреу қарнын шапатап күш үстінде тұрды. Борат қой. Бас уәзірді көріп, басын құмға тығып алып, құйрығын көкке қарта, тоңайып қалып еді, мыстан кемпір құйрығын шымылып:

– Балам, саған таң қалам, не істері менің далам? Тұра гой! – деді кетіп тісін көрсете, көңілді күйіп. Борат басын құмнан жұлып алып, енілдеп жылай бастады. Бірақ оған бас уәзір қарасын ба, қайы қылышпен басын шауып алды. Домалап кеткен басты бір жерден мыстан кемпір тауып алды. Етігенін түсіп кетіп еді, басы домалап бара жатып кешірім сұрап жатыр. Қазақ хандығынан. Қазақ елінен. Кешіреміз бе, қайтеміз?

Мұхтар Шерімнің қышқыл сатирасы

JULDYZ - JORAMAL

(12 – 18 қараша)

ТОҚТЫ

Жаңа аптада өмірді қайта бастауға деген құлшынысыңыз артып, жаңа жобаларды қолға аласыз. Жақындарыңыздан махаббат сезініп, өлденені түбегейлі өзгертіңіз келеді. Егер аталған бастамаларды орта жолда қалдырмасаңыз, нәтижесінде жаңа деңгейге жетуге мүмкіндік аласыз.

ТОРПАҚ

Апта жаңа кәсіп бастауға, маңызды келісімдер жасауға, ауқымды іскерлік кездесу өткізуге қолайлы болады. Алайда қолда бар қаржыны ұқыпты ұстаған жөн. Сондай-ақ демалыс күндері рухани дамуға, жаңа дүниелер үйренуге, жақындарға көңіл бөліңіз.

ЕГІЗ

Дәл қазір дұрыс мақсат қоя білу маңызды. Өйткені жаңа жоспар сәтті мүмкіндік жол ашсады. Тек жұмысқа ден қойып, тынбай еңбектенсеңіз, өміріңізге нәтижелі өзгеріс енеді. Жаңа аптада өр күйіңізге махаббат сыйлайтын жақын адамдар көбейеді.

ШАЯН

Апта барысында ойға алған жоспарлар жүзеге аспай, бір орында тұрып қалғандай көрінеді. Бұған уайымдап, аландамаңыз, себебі бәрі аз уақыттың ішінде реттеледі. Сонымен қатар бұл апта кәсіпті деңгейлеп, кез келген жобаны қолға алуға сәтті уақыт болады, сондықтан мүмкіндікті дұрыс пайдаланыңыз.

АРЫСТАН

Апта барысында біршама жетістікке жетесіз, алайда келенсіздіктер де болуы мүмкін. Барыңызға шығармашылық мүмкіндігіңізді көрсетуге тырысыңыз. Сол кезде өзіңізге деген сенімділігіңіз артып, жан дүниенізде тыныштық орнайды. Апта соңына қарай жауапкершілігіңіз жоғарылап, бас тартып, кез келген қиындықты жақындармен арылдасқан жөн.

БЕКЕШ

Бұл апта қызықты сәтке толы болады. Себебі уақыттың басым бөлігін жеке өмірге арнасыз.

Жұлдыздар қаржы мәселесіне жіт назар аударуға кеңес береді. Ал үйіңізге өлденені өзгерту жаңашылдыққа жол ашсады.

ТАРАЗЫ

Апта барысында денсаулыққа аса мән берген жөн. Қандай жағдай болсын сабырлықты танытып, балшыты шешім қабылдауға тырысыңыз. Өйткені аптаның әр күні жаңа мүмкіндік сыйлайды. Оған қоса қаржы мәселесі де онынан шешіліп, кәсіп бастауға мүмкіндік береді.

САРЫШАҢ

Қызметте беделіңіз өсіп, үлкен жетістікке қол жеткізесіз. Бір жеке өмірде де маңызды өзгерістер орын алады. Көптен армандаған жақын адамныңыз тауып, тез тіл табысып кетесіз. Апта барысында айналасыңызда болған жайттардың бәрін мұқият бақылауға тырысыңыз.

МЕРГЕН

Мергендерді қаржы саласында сәттілік күтеді. Сондықтан табыс мәселесіне алаңдамаған жөн. Алға нақты жоспар қойып, тынбай еңбектеніңіз. Сонымен қатар кәсібі турғыда дамуға көңіл бөлу қажет.

ТАУЕШКІ

Сізді жұмыс барысында сәтті кездесу мен табысты шешім күтіп тұр. Осы уақытта дейін көп күш жұмсаған істі де абыроймен аяқтайсыз. Бастысы өзіңізге және болашаққа деген сенімді жоғалтпаңыз. Апта бойы көңіл-күйіңіз көтеріңкі жүреді.

СУҚҒЫШ

Бұл аптада шығын көлемі азайып, біршама қарыздан құтыласыз. Жоспарыңызға қатысты өзгеріс енгізсеңіз, қолға алған жаңа жобаның нәтижелі болмақ. Бастысы, ұсақ-түйекке көп мән бермей, ірі жобаларға көңіл бөліңіз.

БАЛЫҚ

Шығармашылық қабілетіңізді көрсететін орайлы уақыт туып тұр. Өте маңызды істе жолыңыз болады. Ол үшін уайымға берілмей, тек сол іске ден қойыңыз. Қаржылық мәселе де жылдам шешіледі.

Кезекші редактор: А.ӘЛІШЕРОВА

Нашақорлық – есірткі заттарды қолдану нәтижесінде пайда болатын ауру. Есірткі – адам өмірін бір сәтте басқа арнаға бұратын зиянды әдеттердің бірі. Есірткінің әсерінен адам мас болады, сандырақтайды, психикалық ауруға ұшырайды.

Есірткіге тәуелділік өте тез қалыптасады. Оны 1-2 рет қабылдағаннан кейін-ақ адам организмінде есірткіге деген құмарлық арта түседі. Есірткіге құмарлықтың пайда болуының екі жолы белгілі. Біріншісі, есірткінің адам организмінде зиян келтіретінін білмеуден болады. Ал екіншісі, есірткіге мастану, өмірдегі қиындықтарды ұмыту мақсатында саналы түрде қабылдау.

Есірткі деген тәуелділік бүкіл организмнің қызметін бұзады, ауруға қарсы тұру қабілетін төмендетеді. Ең әуелі бас, ми зардап шегеді, адамда қорқыныш пайда болады. Кейін адамның ойлау қабілеті, сана-сезімі бұзылады. Есірткі сағдарынан адам көптеген ауруға шалдығады. Мысалы, СПИД ауруы, сары ауру, жыныс аурулары, есірткі енгізген жерлердегі ірің аурулары, т.б. Тіпті, есірткіге тәуелді адамдар ұзақ уақыт өмір сүре алмайды. Есірткіге құмарлық

өмір бойы сақталуы мүмкін. Тек санаулылары ғана есірткіге деген тәуелділігін жеңе алады. Қауіптен құтылудың ең дұрыс тәсілі – оларды ешуақытта татып көрмеу.

Есірткінің алдын алу үшін балаларда есірткіге деген теріс көзқарас қалыптастыру керек. Адамдар есірткіні көп жағдайда қақуды басу үшін қолданатынын айта кеткен жөн. Алайда тиімді әрі қауіпсіз түрде дене белсенділігінің көмегімен немесе қызықты іспен шұғылданау арқылы шаршағанды басуға болатынын ескерген жөн.

Аптыңның немесе героиннің әр граммына біреудің бұзылған тағдыры жатады емес пе? Егер адамдар есірткіге деген тәуелділігін жеңіп, уақыттың тиімді қолдана білсе, әлем қалай өзгереді еді? Әрбір адам, тіпті жасөспірімдер уақытын жақсыданмен өткізіп,

оларды бағалап, қуанта білсе, ешкімге ешқандай тәуелділік керек болмас еді.

Әр адам өзін қоғамның бір бөлігі ретінде сезініп, қоғамды гүлдендіру мақсатында жақсылық жасай білсе, үлкен жетістік болары анық. Елімізді гүлдендіріп, болашағын айқындау өз қолымызда.

Қарақа МҰРАТҚЫЗЫ, №261орта мектептің оқушысы

ЕСІРТКІСІЗ ӨМІР ҒАЖАЙЫП!

Біз – тәуелсіз елдің ұландарымыз. Біз үшін ең үлкен құндылық өз Отанымызда, кең байтақ жерімізде, көк таудың астында бауырымыз бүтін, ата-анамыз бен достарымыздың ортасында деніміз сау болып өмір сүру қандай бақыт!

Өмірдің осындай жарқын сәттерінде кейбір адамдар зиянды әдеттермен әуестеніп, яғни ішімдікке, на-шаға, темекі тартуға үйір болып, өзінің денсаулығына зиян келтіреді. Түрлі ақпарат көзінен осындай жағымсыз оқиғаларды естисем, жүрегім ауырып, өтпеген-ай дейтін кез көп болады. Себебі адамдар түрлі қиындыққа ұшырап, шығар жол таппаса, осындай жеңіл әрі зиянды әрекеттерге оңай барады. Өмірді өзіне жеңілдетіп деп

ойлағандар осылайша үлкен қателікке бой алдырады. Әр адам қателескен қадамы арқылы өміріне, яғни денсаулығымызға үлкен зиян тигізетінін кеш түсінеді. Сондықтан, достар, Алладан аманатқа берілген денсаулыққа жауапкершілігің қарайың!

Саламатты өмір салтын ұстансақ, тәуелсіз елдің жарқын болашағына нық қадам басып, талай биікті бірге бағындырамыз! Жас дос! Жас өмірімізді керексіз дүниеден ұялайық, келешегімізді жақсылықпен көрмейдік! Елімізді болашағы дені сау жас ұрпақ екенін ұмытуға болмайды.

Айдаң МАХАМБЕТОВА, №74 орта мектептің 8 сынып оқушысы, Арал ауданы, Жаңақұрылыс ауылы



ҚЫЗЫЛОРДАДА ЖОЛАҚЫ ЖЫЛ СОҒЫНА ДЕЙІН 10 ТЕҢГЕГЕ АРЗАҢДАДЫ



(Лицензия ҚР Көлік және коммуникация министрлігінен 24.08.1998 жылы ККМ №ДС 0000317 лицензиясы берілген)

Қызылорда қаласының тұрғындары мен қонақтары жыл соңына дейін қоғамдық көлікте 10 теңгеге арзан жүре алады. Жеңілдік SMS хабарлама арқылы және Менің Beeline-ым мобилді қосымшасында келесі жағдайларда төленеді: 1, 2, 11, 14, 17, 18. Төлеу нұсқалары:

- Менің Beeline-ым мобилді қосымшасы: басты бетте «Көлік» бөлімін таңдап, көлік қодын жазу немесе QR-кодты сканерлеу керек.
- «Төлеу» пернесін басып, одан кейін билетті алу үшін «Билет алу» пернесін басу қажет. Жол жүретін электронды билет 2505 нөмірінен SMS-хабарлама түрінде келеді.
- SMS-хабарлама: 2505 нөміріне көлік қоды көрсетілген SMS жіберу керек. Жауап ретінде, қолданушы, электронды билетті SMS-хабарлама түрінде алады, оны контролерге көрсетуге болады. SMS жіберу тегін.

Жолақы төлегенде, теңгерімінен жолақы толтық ұсталып, одан соң бірнеше секундта 10 теңге cash-back теңгерімі қайтарылады. Акция бойынша күніне 2 рет жүруге болады. Көлік қоды мен QR код автобустардың салонныңдағы жапсырмада.

«Менің Beeline-ым» мобилді қосымшасын алдын ала төлеммен есеп айырысу жүйесінің барлық клиенті Android және iOS мобилді платформаларында қолдана алады. Толық ақпарат: www.beeline.kz

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестірі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРАБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айжан АБДУЛЛАЕВА

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар еңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқарушысы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8091
Тансырыс № 529

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.